Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№17 (1402)
20 мамыр
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

АРМАН ҚУЫП, арғымақ ойнатқан

Білім мен ғылымның қара шаңырағы, киелі орда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің 75 жылдан астам тарихында талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қилы жолдардан өтті. ҚазҰУ – болашақ маман үшін жастық шақтың куәсі ғана емес, баянды болашаққа, жарқын келешекке, өнегелі өмірге жолдама берер білім мен ғылымның алтын қазынасы. ҚазҰУ қалашығы – студенттік шақтың қуанышты ордасы, ғашықтар мекені. Әрбір қазұулық түлектің айтар естелігі осы мазмұнға саяды.

Жұмабек КЕНЖАЛИН,
«Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы

Мақаланың тақырыбындағы образды тіркес кімдерге арналған, кімдерді меңзейді деген заңды сұрақ туады. «Арман қуып, арғымақ ойнатқан!» Апыр-ау, кімдер екен олар?!

Таңғалатын түгі жоқ! Бұл – біздерміз!

ҚазҰУ-дың 81 жылғы түлектері – Біздерміз. Біз өзімізді өзіміз осылай мадақтамасақ, осылай асқақтатпасақ, басқа кім айтпақ?! «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» деген қанатты қағида, сірә, осындайда айтылған болар!

1976 жылдың қоңыр күзінде ҚазҰУ-ға пәленбай абитуриенттің ішінен маңдайына бақ қонған 50 жас студент атанды.

Мұның қатарында Шарханның лексиконымен айтқанда «рабфактан келген» біздер де бар едік.

Бес жыл бес күндей болмай өте шықты. Көзді ашып-жұмғанша. Бүгінде көз алдыңызда кино лентасындай сырғыған сол күндер мен жылдар елесі жүректі елжіретіп, сағыныштың қыл пернелерін шертіп-шертіп өтеді-ай кеп.

Қайран, бұла дәурен!

Осыдан 30 жыл бұрын комсомол-жастар бригадасында жүріп Ақсуаттың ақ түтегімен арпалысқан, Сарысудың сағымды даласын кезген, содан серт алған, Жуалының жаңбырлы күндерінде жасын болып жарқылдаған, бесіктен белі шықпай жатып «Аралдағы жеңеше-айды» аңыратқан, өзім дегенде Торғайдың суы тобығынан келмеген, Оңтүстіктің інжу-маржанына шөлі бір қанбай арманын Алатаудың ұшар басына байлаған, Атыраудың ақшулан теңізіне бірде ән салдырып сызылтқан, енді бірде күмбірлетіп күй ойнатып көбік шаштырған, Алтайдағы азуын айға білеген арландармен арпалысқан менің қанаттастарым бір сәт ҚазҰУ дейтін киелі мекенде төс қағыстырып, оның қалашығында бас тоғыстырды!

Білім Меккесіне махаббатын арнаған менің курстастарымның қай-қайсысы да сөзіне берік, қиналғанға серік, мәрттіктің мәйегіне қанған марқасқалар болды!

Олардың әрқайсысы бір-бір әлем еді. Ал оның сырына, шынына қанығу үшін солардың әлемімен өмір сүру керек, тыныстау керек. Ал мен бақытыма қарай осындай олжалы жанның бірі болдым.

(Жалғасы 3-бетте)

«Құс қайтып оралды Алматыға...»

«Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті — тәуелсіз Қазақстанның кадрлар дайындайтын негізгі орталығының бірі», - деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының киелі шаңыраққа жоғары баға беруі әрбір қазұулықтың мақтаныш сезімін арттыратыны анық. ҚазҰУ өз тарихында 125 мыңнан астам маман даярлап шығарған. Олардың арасында ҚР Парламентінің депутаттары, елшілер, министрлер, ғалымдар, ақындар, жазушылар және БАҚ майталмандары бар. Бір сөзбен айтқанда, ҚазҰУ-дың түлектері Қазақстанның элитасын қалыптастырып отыр.

ҚазҰУ-дай құт мекенде жастық шақтан болашаққа айқын бағдар алып, бәсекеге иық тіресер маман болып даярланған түлектер де әр кез туған университеттеріне сағынышпен, қимастықпен, үлкен ризашылықпен қатынасып тұрады. Мұның ұштығы ҚазҰУ-дың киелілігінде жатыр десек те болады.

Қазірде кешегі университет түлектері, бүгінгі қоғамнан өз орнын тапқан мамандар 5, 10, 20 және 30 жылдық кездесулерін ұйымдастырып тұруды дәстүрге айналдырған. Түлектер үшін ҚазҰУ-мен жүздесу білім ордасымен қауышу ғана емес, жалынды жас дәуренімен, студенттік өмірдің қызығын бірге көріп, қиыншылығын бірге бөліскен замандастарымен, тәлім берген ұлағатты ұстаз қауымымен қайта жүздесу мүмкіндігі екендігі сөзсіз. Міне, сондай азаматтар, 1981 жылы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін тамамдаған түлектер мамырдың 21 жұлдызында қара шаңыракта бас қоспақ. Олар есімдері ел аузында жүрген, халық ықыласына бөленіп, ел ағасына айналған тұлғалар. Бірі – БАҚ тізгінін ұстаған білікті басшы, бірі – ғалым, бірі – көсемсөзгер, енді бірі – отбасын ұйытқан ана.

(Жалғасы 2-бетте)

БҮГІНГІ САНДА:

Он алты жігіт

2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Өркен

5-8-беттер

БҮГІНГІ САНДА:

Өткен күнде белгі бар

11-бет

Он алты жігіт

Журналистика факультетінен 1981 жылы түлеп ұшқан курста бүгінгі БАҚ-тың белді-белді тұлғалары қанаттанды. Әсіресе жігіттері сайдың тасындай өншең ығай мен сығамар. Сондықтан оқырманға «төртінші биліктің» тұтқасын ұстаған сол курс жігіттерін таныстыруда олардың өмірбаяндарын ұсынғаннан гөрі, «81-дің жігіттері» кім, олардың табиғаттары қандай еді?» деген сауалға жауап қатуды жөн көрдік. Ал ол туралы сол курстың замандасы әрі келіні, біріне құрдас, біріне сырлас Сәуле Әбдіхалыққызы сыр шертеді. Сәуле Әбдіхалыққызы – «81-дің түлегі» Абдолла Сүлейменовтің жары.

Абдолла Сүлейменов (Алтай Сүлеймен) математик қызға үшінші курста жүріп үйленген. Сәуле Әбдіхалыққызы Рысбаева сол кезде университеттің математика факультетінің 2-курс студенті болатын. Журналист жолдасының өнері оған да әсер етті. Кейін бақилық болған Әбекеңе арнап «Мәңгілік сағынышым» романын жазды. Одан соң ғұмырбаяндық «Сағындым, сағым жылдарым...» кітабын елге ұсынды. Бүгінде Сәуле Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қызмет істейді.

Қалдыбай аға

1977 жылдың маужыраған тамыз айының соңғы күндерінің бірі еді. Онда біз ҚазМУ-дың құрылыс отрядында жүргенбіз. Жататын жеріміз – №5-ші журналистика факультетінің жатақханасы. Бір күні жатақханада жасы егделеу келген, сымбатты, бұйра шашты, ашаңдау келген бір жігіт пайда болды. Біздің 20 қыздан құралған «Құрдастар» отрядының қыздары 2-ші қабатта тұратынбыз. Ана жігіт астыңғы қабаттан орын алып, тұрып жатты. Аты Қалдыбай екен. Қашан көрсек те кезекшінің қасында отыратын. Біздің кейбір ашық мінезді қыздарымыз кейде әрі-бері өткенде ол кісімен қалжыңдасып жүретін. Бірақ ол кісі көп сөзге жоқ, мінезі біртоға сияқты көрінетін еді. Өз басым Қалдыбай ағаны сыйлап, иіліп сәлем беріп, жақын тартып жүрдім. Кейін бір аптадай уақыт өткенде қыз-жігіттер көбейе бастады. Естуімізше, бұлар «Журналистика» мамандығының 2-курс студенттері екен. Олар ауылшаруашылығы жұмысына бару үшін жиналып жатқан көрінеді. Осылардың арасынан Қалдыбай аға бізге жақындау болып көрінетін. Сірә да біраз күнгі таныстықтан болар. Ылғи да жамыраса сөйлесіп, хал-жағдайымызды сұрастырып жүретінбіз. Ол кісі біздің қыздар мен жаңа келген студенттердің арасында елшідей болып тарелкамен құмшекер немесе қатқан нан сияқты тауарлармен алыс-беріс жасайтын. Бұл да болса сол бір кездегі студенттік өмірдің көзге ыстық көрінісі еді-ау! Жаздың мамыражай кешінде бәріміз есік алдында волейбол, «Үшінші артық» деген ойынды ойнаушы едік.

Осылай жүрген күндердің бірінде жатақханада су тоқтап қалды да, күн сайын кешкісін су іздеген біздер әл-Фараби даңғылы жақтағы бір құбырдан су тасып ішіп жүрдік. Бір күні ойынды аяқтап, жатақханаға кіріп келе жатсам, есік алдында Қалдыбай аға тұр екен. Қасында жеңі шолақ ақ көйлек киген, толқынды қара шашы иығына төгілген қара жігіт бар. Қолдарына тоқ шәйнек ұстап алыпты. Су әкелуге кетіп бара жатқандары анық. Есіме бөлмеде су жоқ екені түсті де бірге барып су әкелгім келді. Қалдыбай ағаға арқа сүйегенім шығар. Әйтпесе мынандай жеті түнде танымаған жігіттермен су іздемес едім ғой.

Осылай Күлпара екеуміз екі жігітке ілесіп су іздеп шықтық. Осы бір айлы түнде мені Абдолламен жолықтырды. Егер сол күні су әкелуге шыкпасам, Абдолламен өмір бойы кездеспей кетер ме едім, әлде?! Бұйрық деген осы екен ғой. Өмірімдегі серігім болған Абдолламен танысуыма да осылай Қалдыбай аға себеп болды. Ол кісінің көңілімнің түкпірінде орнап қалғаны да осыдан шығар, бәлкім. Сол баяғы күлімсіреп тұратын жап-жас қалпында әлі күнге көз алдымнан кетпейді. Не себептен екенін білмеймін, кейін мұндылау болып жүрді.

Оқу бітіріп кеткеннен кейін де хат жазып, хабарласып тұрдық. Тіршілік толқыны біртебірте біздерді бір-біріміздан алыстатты да, кейін мүлде хабарсыз қалдық. Арада біраз жыл өткенде қайтыс болды деп естідім.

Топырағыңыз торқа, жаныңыз жаннатта болсын, қайран аға!

Жайлаубай аға

Жайлаубай ағайдың орны мен үшін де, жалпы курстастар үшін де өзгеше. Жас жағынан үлкен ағамызды әрқашан әкеміздей көріп, ерекше құрмет тұтамыз. Мені әрқашан «Ақ Сәуле» деп еркелетіп отыратын ағаны мен де шамамның келгенінше сыйлап жүремін. Жайлаубай ағаның біздің отбасылық тарихымызда өзіндік орны бар. Ағаның ерекше қасиеті – шамасы келсе өтініш жасаған адамға қол ұшын созып тұратындығы, кісінің көңілін қалдырмайтындығы.

1988 жылы телевидениенің отбасылық жатақханасынан екі бөлмелі пәтер алдық. Енді Талғар жақта тұратын ата-анамыздың үйінен тоңазытқышымызды әкелуіміз керек болды. Абдолла Жайлаубай ағаға айтқан екен. «Мақұл, алып келейік», – депті. Ол кезде ағаның екі адам ғана отыратын кішкене машинасы бар еді. Түске қарай екеуі Талғарға кеткен, екінді әлетінде Абдолла келді. «Келіп қойдыңдар ма?» – десем ішек-сілесі қата күлмесі бар ма? (Негізі мұндай күлкі Абдоллада өте сирек кездесетін). «Сен сұрама, мен айттпайын. Қызық болды. Талғарға дейін зәрем ұшып әрең жеттім. Өн бойымды ащы тер жуды ғой. Барған соң төбесіне тоңазытқышты байлап бердім де, «Жәке, өзің келерсің» деп автобуспен кетіп қалдым», – дейді. «Мәссаған, ұят емес пе? Ертіп барып тастап кеткенің не?» – дедім ренжіп. «Ой, ана машинамен жүру қорқынышты екен. Жермен-жексен болып қалғандайсың. Басқа машиналар басып кететін сияқты көрінеді екен», – деп бақайынан келмей күліп тұр. Намаздыгер намазшам арасында Жәкең де жетті. «Мына қорқақ қашып кетті ғой», – деп түк болмағандай күліп қояды.

Осы Жәкең туралы Абдолла айтатын әдемі әзілдер курстастар үшін ұмытылмайды деп ойлаймын. Солардың бірі. Дайындық курсында оқып жүргенде Жәкең, Жүкең, Карл, Абдолла төртеуі екінші қабаттағы бір бөлмеде жатыпты. Олардың астындағы бірінші қабаттағы бөлмеде Әлима сұлу үш қызбен тұрады екен. Бір күні Жәкең тізесінен келетін дамбалын жуып, балконға жая салған ғой. Кір қыстырғыш қайдан болсын? Сәл көтерілген самалға ілесіп әлгі дамбал ұшып барып, Әлималардың терезесінің теміріне ілініп қалыпты. Жәкең алып келуге үш жігітті кезек-кезек жұмсайтын көрінеді. Алдымен Жүкеңді жұмсаған екен, Жүкең болса ат-тонын ала қашыпты. Қашпаска амалы қайсы? Егер Жүкең барып алса, Әлима бастаған қыздар әлгі дамбалды Жүкеңдікі деп ойлайды ғой. Сосын Абдолланы жұмсайды. Ол да қырсығып бармай қойыпты. Кезегі келген Карл амалсыздан келісіп, сыртқа шығып кетеді. Ол сыртқа шыққан соң қалған үшеуі балконға шығып, қарап тұрған ғой. Сөйтсе Карл да барып алуға қыздардан ұялып, қолына ұзын бір сырық ұстап, өзі қабырғаға жабысып тұр екен. Таяғымен әлгі дамбалды тұрткілесе, ол құрғыр таяққа ілінбейтін көрінеді. Не керек, әудем уақыт өткенде әйтеуір ілініпті-ау! Ұзын сырық ұшына ілінген дамбал жалауша желбіреп барып Карлдың қолына тиген. Содан Карл қыздарға көрінбегеніне қуанып, Рейхстагқа ту тіккен жауынгердей үлкен мақтаныш сезіммен бөлмеге келіпті.

Сөйткен ағамыз 60-тың бел ортасынан асты. Бүгінде жүзі нұрлы, денсаулығы мықты, жағдайы қоңды, отбасы аман, бала-шағасы өмірден өз орындарын тауып жатыр. Ылайым, осылай бола берсін! Тәңірім ғұмырын ұзақ қылғай!

Әмір

Жерлес ретінде де, курстас ретінде де Абдоллаға тым жақын болған жігіттердің бірі – Әмір еді. Алғаш таныстырғанда: «Мынау кәріс сенің қайның болады», – деген Абдолланың сөзіне сенер, сенбесімді білмей аңтарылып тұрып қалдым. Сенейін десем, қазақша сайрап тұр, ал сенбейін десем, түрі аумаған кәріс сияқты. Іштей: «Өзі кәріс болса ол маған қалай қайны болады?» – деп ойладым. Менің таңыркап қарағаныма екеуі де қарқылдай күліп алды да, Абдолла «Қызылордадан ғой», – деді. «Е-е-е, Шиеліде кәрістер көп деуші еді. Соның бірі болды ғой онда», – деп өзімді сендірдім. Менің осы аңқаулығыма кейін ылғи да күліп жүретін еді. «Жеңеше», – дейтін мені. Тура қайнымдай болды. Сөйлеген сөзі қазақ, түрі кәріс болып күндер өтіп жатты. «Қазақфильм» шағын ауданындағы пәтерімізге жиі келетін. Біздің үйге қонып қалатындардың бірі де осы Әмір еді. Абдолла екеуінің неше түрлі философиялық тұрғыдағы әңгімелері түн ортасы ауғанға дейін толастамайтын. Оның фантастикалық әңгімелерін құмарта оқып, шындық сияқты қабылдайтынмын. Ол нағыз фантаст-жазушы еді-ау! Елгезек болатын. Елпілдеп тұратын. Білімі де терең еді. Інілік ізеттігін жоғалтқан емес.

Әмір кейін Ақтөбе қаласында жұмыс жасап жүрді. Абдолла да талай рет сол жаққа іссапарға барып қайтты. Барған сайын Әмірдің үйіне барып, Мендігүл келіннің қолынан ішкен шәйін айтып риза болып отыратын. Ылғи да хабарласып тұратын едік. Ара қашықтығымызды сан жүздеген шақырымдар бөліп жатса да қатынасымыз үзілмеді. Ол ылғи да телефон соғып хабарласып жүретін. Абдолла қайтыс болған кезде жеделхат жіберіпті. Өзі келгендей әсерде болдым. Кейін арнайылап келіп, бата жасап кетті. Мен болсам туған қайным келгендей Абдолланы жоқтап, мұңымды шағып көп жыладым. Оның да көңілі қатты құлазып отырды. Осыдан 3-4 жыл бұрын жаз айында мені жұмыс орнына іздеп келіпті. Қолында болашақта қорғайтын кандидаттық диссертациясының авторефераты бар екен. Салат түстес жұқа кітапшаны қолыма ұстатып: «Жеңеше, мүмкіндігіңіз болса келерсіз», – деді. Мен міндетті түрде баратынымды айтып шығарып салдым. Мені Абдолланың орнына бағалап, арнайылап алып келсе, қалай үнсіз қалайын? Айтылған күні ертерек шығып бір шоқ гүл сатып алдым да, аялдамаға таяу жерден такси тоқтатпақ болып тұрғанмын. Кенет қалта телефоным шырылдап қоя берді. Қарасам Әмір екен. «Апырай, мен кешігіп қалмадым ба? Уақытын шатыстырып алған шығармын, сірә да. Ұят болды-ау!» – деген оймен байланысты қосып едім, арғы жақтан Әмірдің «Жеңеше, қайдасыз?» – деген даусы естілді. «Такси ұстап тұрмын. Саған барайын деп шықтым», – деп мен де бастырмалата жөнелдім. «Сіз әуре болмай-ақ қойыңыз, жеңеше. Мені кейінге қалдырды. Өзім хабарласамын», – деді. «Жарайды», – дедім. Даусының пәс екенін бірден байқауға болатын еді. Үстімнен біреу суық су құйып жібергендей әсерде қалдым. «Неге?» деген бір сұрақ бүкіл өн-бойымды жайлап, күні бойы мазамды алды.

Кейін естуімше, арада 2-3 күн өткен соң сәтті қорғап шығыпты. Кеш болса да еңбегінің жаңғанына сырттай тілектес болдым. Сұм ажал кімді аяған дейсің? Енді, міне, сол ажал құрығына оның да ілінгені өксік болып кеудеме құйылады. Дүниеде кім арман-мақсатына жеткен дейсің? Арман мен болашағын іске асырамын деп жүргенінде мұрттай ұшты. Өмірдегі талай-талай келеңсіз жайттар жүрегіне ауыр салмақ салды-ау! Алла қалған өмірін перзенттеріне беріп, ізін солар жалғастырсын. Әмірдің орындалмаған ойлары мен армандарын балалары іске асырсын деп тілеймін.

«Құс қайтып оралды Алматыға...»

Олардың университетті аяқтағандарына 30 жыл толғанына қарамастан, туған университеттеріне деген құрметтері, ұстазға деген ізеттері сол балаң көңілдей таза әрі ыстық. Оны отызжылдық басқосуларына арнайы шығарып, тұсауын кескен «Құс қайтып оралды Алматыға...» атты кітаптарынан айқын аңғарасыз. Жинаққа түлектердің студенттік кездегі қызықты шақтарын баяндайтын мақалалары, әңгімелері, очерк, эссе секілді түрлі жанрдағы шығармалары енген. Бұл кітап — олардың тілімен айтар болсақ, сағынышқа толы студенттік сыршыл күндер мен қарбаласы көп бүгінгі күрделі кезеңді ұштастыратын жинақ.

Осы орайда «Қазақ университеті» газетінің кезекті санын осы отызжылдық иегерлерінің кездесуіне арнап отырмыз. Өздері туралы өзге емес өздері айтып береді. Оқыңыз, қызық!

P.S. ҚазҰУ Түлектер қауымдастығының шешімімен және Ғылыми кеңестің қолдауымен биыл-дан бастап мамыр айының соңғы сенбісі университетте «ҚазҰУ түлектерінің күні» деп жарияланды. Енді жыл сайын ҚазҰУ қалашығын мамыр айының соңғы сенбісінде мерекелік көңіл күй тербейді деген сөз. Осы күні ҚазҰУ-дың барлық әр жылғы түлектері еш шақыртусыз қасиетті қара шаңыраққа қадірлі қонақ ретінде келуге болады.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

АРМАН ҚУЫП, арғымақ ойнатқан

(Басы 1-бетте)

Біз оқу бітіргелі 30 жыл өтіпті. 30 жыл! Бір азамат ердің жасы! Орда бұзар шағы. Осынау 30 жылда ауылдан арман қуып Алматыға келіп, тағдыр тізгінін тартып, арғымақ ойнатқан бұла дәурен иелері кең өрістің кемесіне мінді.

Менің курстастарымның бақыты – екі дәуірдің қызығы мен шыжығын көргендігі. Өтпелі кезеңнің, өлара шақтың қиындығын қайыспай көтеріп, елдік мұрат жолындағы ұлан-асыр істерге білек сыбана араласқандығы.

Менің курстастарымның бақыты – еліміздің егемендік жолындағы күреске білек сыбана кіріскендігі, жас мемлекетіміздің буыны бекіп, қаз тұрып қадам басуына әрқайсысы өз шама-шарқынша үлес қосқандығы.

Бұл жай әншейін мақтан сөз емес. Әңгіменің ашығы, ақиқаты осы. Тағдыр талайымыздан шығар, екі ғасырдың тоғысында ата тарихты таңбалаған уақиғалар үрдісіне куә болдық, бастан өткердік. Жоқшылық пен тоқшылық, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен аярлық тәразы басына түскен сәттердің ен ортасында болдық. Осының бәрін көзбен көріп, жүректен өткізуімізге біздің о баста өзіміз қалаған мамандығымызға адалдығымыз басты өлшем болғанын атап айтқым келеді.

Ежелден белгілі қағида: «Өлі разы болмай, тірі байымайды». Ауызға алуға қанша жерден ауыр болсадағы осы бір нақылды айтпасқа тағы болмайды. Сол елудің ішінде қазір арамызда жоқ, ал бірақ соңынан өшпестей із қалдырған курстастарымыз бар еді.

Қатар құрбылардың алдынан көрініп, ел дамуының өркендеуіне, руханиятының қанат жаюына үлес қосқан достарымыздың істеген ісі біздер үшін мақтаныш! Ақ жарқын, ақиық Қалдыбай десе – мәрт мінез, қызу қанды, үстіндегісін досына шешіп беретін азамат тұлғасы көз алдымызға тұра қалады. Курсқа шынашақтай болып келіп, республикамыздың бірқатар газет-журналында шарболаттай шыңдалған Әмір, өтпелі кезеңде Қазақ телевизиясының бүкіл ауыртпалығын мойымай көтеріп, телепублицистиканың дамуына үлес қосқан Абдолла, Торғай өңірінің қиындағы түкпірінде жатып алып республика тарихнамасына талмай қызмет еткен Мылтықбай, тәржіманың түбін түсіре қызмет қылған, Елордамызға алғашқылардың бірі болып аттанып, қазақ зиялы қауымының қалыптасуына үлес қосқан Болатбек, театртану бойынша маманданып, табанды еңбек еткен Жұмабай, сырбаз қалыпты Сапар, қолға алған шаруаны тиянақты шешудің шебері болған Мәншүк есімдерін мақтанышпен қалайша айтсақ та жарасымды.

Олардың соңында ізін жалғастырар ұрпағы қалды, жан иірімдерін әлдилеген шығармашылық мұралары қалды.

Оқу бітірісімен Ақтөбеге аттанып, аудандық, облыстық газеттердің барлық қызмет сатыларынан өткен Әмір Оралбай қалиқалы, салмақты басшы бола білді. «Жас Алаш» газетінің меншікті тілшісі ретінде де бір мектептен абыройлы өтті.

Облыста шығатын екі тілдегі облыстық газеттің басын қосып, бір жауапкершілігі шектеулі серіктестік құрған ол сол мекеменің бас директоры қызметіне тағайындалды. Бұл жауапты орында да ол әріптестерінің ілтипатына бөленіп жүрді. Ал «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісі қызметінде жүргенде оның бүкіл қабілетқарымы, қаламгерлік таланты бар қырынан ашылды.

Журналистік жолдағы жемісті еңбегін ол ғылыми-зерттеушілік салада да сынап көрді. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің шәкірттері алдында лекция оқып, кейін филология ғылымдарының кандидаты дәрежесіне жетті. Әттең, не керек, кандидаттық диссертацияны қорғағанымен, оның дипломын көре алмай кетті Әміріміз. Әмірдің соңында батыр қызымыз Әлия Молдағұлова ғұмырнамасына арналған кітабы, очерктері мен сұхбаттары, көсемсөздік желілері қалды.

Абдолла туралы тебіренбей жазу мүмкін емес. ҚазҰУ-дың дайындық бөлімінде бірге оқып, журналистика факультетін бірге бітірген досымыздың қаламгерлік шалымдылығы бірден байқалған. Диплом алғаннан кейінгі оның тағдыр-талайы, шығармашылық соқпағы Қазақ телерадиокомпаниясымен тікелей байланысты болды. Абдолла Қазақ радиосының насихат редакциясында жүргенде оның дайындаған хабарларының ерекше сапалы екендігін әріптестері әрдайым бізге айтып жүруші еді. Ал Қазақ телевизиясына жұмысқа ауысқаннан кейінгі шығармашылық ізденісі жаңа өрістерге бет алды. Әбекең қазақ қаламгерлерінің алғашқыларының бірі болып Семей ядролық сынақ аймағынан арнайы материалдар циклін дайындады. Көрермендердің көкейіндегі мәселені қозғаған бұл хабарлар тележурналистиканың алтын қорынан орын алуға әбден лайық деп білеміз. Өмірінің соңғы жылдарында «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамының білікті бір маманы болып қызмет атқарған Абдолла осы мекеменің еліміздің ақпараттық кеңістігінен лайықты орын алуына үлкен үлес қосты.

Торғайдың сонау бір түпкірінде жатып, еліміздің тарихнамасына, әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты сараптамалар жазатын Мылтықбайымыздың жөні бір бөлек. Оқу бітірісімен-ақ жолдаманы елге алған Мылтықбай аз уақыттың ішінде-ақ аудандық газетті, оның баспаханасын майлышекше айналдырып, өзін көрсете білді. Мұнысымен қоса облыстық газеттің меншікті тілшісі қызметін қоса атқарды. Мылтықбайдың мықтылығын бірден байқаған республикалық газеттер мен телевизия басшылары талай рет оны қызметке шақырды. Қазақстан Республикасы Телевизия және радио хабарларын тарату жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары Мақсұт Әубәкіров ағамыз Мылтықбайға деп бір қызмет орнын алты ай бойы бос ұстағанын білетін едік.

Студент кезінен-ақ топты ортаның көшбасшысы бола білген Болатбек досымыз туралы қалай айтсақ та жарасымды. Студент кезінен дейміз-ау, Бөкең бұл шақты қоя тұрып, тіпті пионер кезінен-ақ бүкіл республика оқырмандарына танылған еді. «Қазақстан пионері» газетінің ең белсенді тілшісі ретінде «Артекте» болды. Бұл ол кезең үшін үлкен абырой, зор биік саналатын. Студенттік шағында қоғамдық ұйымдардың басшысы болып курстастарының ілтипатына бөленген Болатбек кейін мемлекеттік мекемелерде тіл саясатын жүзеге асыруда қыруар күш жұмсады. Ол қай министрлікте жұмыс істесе де өз ортасының құрметіне ие болды. Елордамыз Арқаға қоныс аударғанда алғашқылардың бірі болып Бөкең де аттың басын Астанаға бұрды. Соның тұрғылықты азаматы атанды. Жаңадан қалыптаса бастаған зиялы ортаның қатарынан көріне білді. Жас қала жаңа Астананың әр қадамына өзінің төл перзентіндей қуана біліп, мен іссапарға келген сайын қуанышын бөлісуге асығатын еді. «Жазып-сызғандарым жетерлік, солардың басын құрап бір жинақ шығарсам деп едім. Оның аты «Қоңыр күз еді» деп аталса». Бөкең осы сөзді соңғы кездері жиі айтатын. Бірақ сұм тағдыр оның бұл арманды шаққа жетер жолын келте қылды...

Жұмабек КЕНЖАЛИН, «Қазақ газеттері» ЖШС Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы

Оқу бітіргеннен соң 90-жылдардың аяғына таман Жұмабаймен кездесіп қалудың сәті түсті. Ол кез Жұмекеңнің кандидаттық дипломды қалтаға басып, енді докторлыққа құлаш ұрып жүрген кезі екен. Монографиясына пікір ұйымдастырып беру керек болды. Қали досымыз сөзге келген жоқ, Жұмабайдың кітабына деген жылы лебізді «Жас Алашта» жарқ еткізді. Кейін Жұмабай докторлық қорғады. Х.А.Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университетінің профессоры болды. Бұл біздің курстасымыз бағындырған үлкен бір белес еді.

Сапардың қаламынан туған дүниелер Оңтүстіктің аудандық, облыстық газеттерінде жиі жарияланып тұрды. Ежелгі әдетімізше орталық кітапханаға барған сайын мерзімді басылымдар бөліміне бас сұқпай кетпейміз. Сондай кездері Сапардың жазған мақалаларын газет-журналдардан оқығанда бір марқайып қалатын едік. Ал Мәншүк қал-қадірінше сүрінгенге сүйеу болсам деген мақсат жолында жүретін. Жазу-сызуы да бір кісіден кем емес еді.

Қатарымыздан ерте кеткен курстастарымыздың рухы пейіште шалқысын, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деген тіркестерді жүрегімізден қан жылай отырып жазамыз. Алла тағала оларға рахымы түсіп, жұмақтың төрінен орын бергей. Олардың аруағы кейінгі ұрпақтарын желеп-жебеп жүрсін.

Сөз басында істеген істері айтуға тұрарлық ел игілігіне қызмет қылған азаматтар қатары біздің курстан да сән түзеп шықты дедік.

Ол – рас.

Желтоқсан дүмпуі бүтіндей алып империяның шаңырағын шайқалтқаны белгілі. Ғаламға Қазақ деген ұлттың қаһармандығы мәлім болды. Ал осы желтоқсан жаңғырығының алғашқы шежірешісі біздің курстасымыз Талғат екенін бар дауыспен мақтанышпен айтуға хақымыз бар. Осы тақырыпта сүбелі кітап жазып, есімі алты алашқа асқан Қайым-Мұнар досымыздың қаламгерлік шеберлігіне таңдай қақпағандар кемде-кем!

Осыдан соң тәуелсіз ел тарихнамасына біздің курс ерекше үлес қоспады деп кім айтады?! Ал Қазақ журналистикасының өлара кезеңде қатпар-қатпар шаруасына жегіліп, бар қиындығын көтеріп, оған қалтқысыз қызмет қылғандар есімі аталғанда біздің жігіттердің еңбегі туралы сөз қозғамай тұра алмаймыз. Дүрәлі, Өтеген, Мейрамбек, Кәрібай, Еркін, Шархан, Ғазиз, Қали, Қайнар, Дәуітәлі, Уәлихан, Азат, Самат, Әндіржан, Ержан, Сәбит, Иса, Мырзағали, Бауырғали, Мұрат, Ерболат, Қайыржан, Батырбек, Сергазылардың ел руханиятына сіңірген еңбегі аз емес. Бұл қатарда осы жолдарды жазып отырған Жұмабек есімді курстастарыңыздың да бар екенін айта кетсек артық болмас.

О бастан-ақ курс ағалары атанған Әшірбай, Жайлаубай, Жаппарлар күні бүгінге дейін сол дәстүр иесі қалпынан танған емес. Елге шыққаныңда құрақ ұшып қарсы алады, ауыл абыздарының қалпымен бар дәмдісін дастарқанына қояды, ағыл-тегіл әңгіменің тиегін ағытады.

Қыздар да қабырғалы істерге білек сыбана кірісуден шет қалған емес. Бұл фәниде ұрпақ өсіру, ұлт ертеңін даярлау секілді миссиядан асқан абыройлы міндет жоқ шығар?! Кешегі жабайы нарықтың жойдасыз қиындығына да төтеп бергендердің қатарында біздің қыздарымыз болды. Сәтен, Оңлагүл, Күләш, Балқия, Алма, Салтанат, Гүлмира, Гүлбану, Тұрар, Қалдыгүл, Несібелі, Әтіркүл, Шолпан, Шара, Роза, Бақыткүл, Бағдат, Светалар бір қолымен мақала жазып, өлең өрнектей білсе, екінші қолымен «сары бала, қара қазанның» қарекетін күйттей білді. Сөйтіп жүріп-ақ журналистика көшіне үлкен үлес қосты.

Қалтқысыз еңбек қашаннан қайтарымсыз қалмаған. Сол себепті де осы достарымыздың бірқатары жоғары мемлекеттік марапаттауларға ие болды. Президент сыйлығының лауреаттарын, грант иегерлерін, түрлі деңгейдегі атаулы сыйлықтың жеңімпаздарын біздің қатарымыздан табуға болады. Енді бір тобымыздың кеудемізде бүгінде орден-медальдар жарқырайды. Осының бәрі айтуға ғана жеңіл. Ал ақиқатында, бұның астарында тапжылмай атқарылған тірліктің, үздіксіз ізденістің, ақ-адал маңдай тердің қалыбын жазбай тануға болады.

Курстастардың студенттік жылдардан кейінгі өмірбаянына көз жүгіртсеңіз, көңіл тояды. Марқаясың, мақтанасың! Бәрі де үлкенді-кішілі бір-бір басылымның тұтқасын ұстаған қаламгер-қайраткерлер атанды. Мемлекеттік қызметке араласып, ел өміріндегі тағдырлы мәселелердің шешілуіне үлес қосып отыр. Бүгінгі заман талабына сай кәсіпкерлікпен шұғылданып жүргендері де баршылық!

Арман қуып, арғымақ ойнатқан деген, міне, осы!

Тәңірім курстастар керуенінің сапарын ұзақ етсін, қолға алған қарекеттің шырайын кіргізіп, мақсатымызға жете берейік!

24 сәуір, 2011 жыл.

Он ағты жігіт

(Жалғасы, басы 2-бетте)

Жаппар ағай

Орта бойлы, қағілез келген, қияқ мұртты Жаппар ағай үнемі сызыла сөйлеп, сыпайылық сақтап жүретін. Ылғи да екі қолын қусырып кеудесіне басып, басын ие жөнелетініне таңғалатынмын. Бойынан өзбек халқына тән қасиеттер көп кездесетін еді. Сөйтсем, ол кісі қожа тұқымынан екен. Әрі қазақ пен өзбек араласқан ауылда өсіпті.

Ол кісіні есіме алғанда көз алдыма алдымен жапырақ-жапырақ етіп қуыратын жұмыртқасы келеді. «Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейді» деген емес пе? Студенттік жылдардың аш құрсақ күндерінде жеген жұмыртқаның дәмі әлі күнге аузымнан кеткен емес. Ол кісінің бір рет болса да даусын көтеріп сөйлегенін немесе біреуге ренжігенін көрмеппін. Сол ағамыз оқу бітірген соң хабарсыз кетті. Тек осыдан үш жыл бұрын хабарласты. Көктемнің бір күнінде телефон соғып, өзінің Алматыға келгенін, түс ауа жолға шығатынын, мені көргісі және Абдолла туралы кітапты алғысы келетінін айтты.

Жаппар ағаның Абдолланың шаңырағына келіп бата жасаудың орнына мені кездесуге шақырғаны көңіліме келсе де, өткен жылдардан қалған сыйластық, достық көңіл мені ағаға қарай алып ұшты. Айтқан уақытында «Алматы» қонақ үйінің алдында күтіп тұр екен. Сол

баяғы қалпы. Толмаған да, азбаған да. Қияқ мұрты да орнында. Тек бет-әлпетінен егделікке бет алғандығы байқалады. Құшақтап, бетімнен сүйіп, көңіл айтты. Бала-шағаның амандығын сұрады. Мен де Абдолладан кейінгі өмірім жайлы, осы жуырда Қызылордаға баратынымызды, жылдағыдай ас беретінімді айттым. «Маған хабарласшы, бірге барып қайтайын», – деді. Сол баяғы қалпында сызыла сөйлеп, басын кеудесіне иіп қоштасты. Көкірегімдегі «Жаппар аға қандай болды екен? Бір көрсем» деген ағаға деген сағынышым сәл саябыр тауып, жұмысқа келдім. Кеудемді болар-болмас қуаныш жайлады. «Жақсы болды ғой. Абдолланың еліне биыл да курстастарының бірі барып қайтатын болды», – деп ойладым. Бірақ бұл ойым іске аспады. Арада екі апта өткенде Қызылордаға сапарға шықтық. Тараздан асқан соң телефон шалдым. «Мақта теру басталып кетті. Қалай болар екен? Шымкентке келгенде тағы хабарласарсың», – деген аға сөзі сиырқұйымшақтанып барып бітті. Біртүрлі болып қалдым. Шымкентке барғанда бірнеше дүркін хабарластым. Телефонын көтермеді. Ақыры сөйлесе алмадым. Көңілімдегі қуаныш су сепкендей басылды. «Шіркін-ай, өткен жылдардан бір белгі қалған болса бұлай етпес еді ғой. Демек, жақын көріп жүрген ағамен арадағы жібек жіп үзіліп қалған екен-ау!» – деген ой талайға дейін маза бермей жүрді. Әлде өзбектерге жақын болған соң солардың салтына салынып кетті ме екен? Ал менің көз алдымда сызыла сөйлеп, иіле қоштасатын Жаппар ағаның көмескі бейнесі мен қуырылған жапырақ-жапырақ сап-сары жұмыртқа ғана қалды...

Жұмабек

Курстың ішінде өзінің сауаттылығымен, сұлулығымен, кірпияздығымен, әншілігімен ерекшеленетін бір жан болды. Ол – Жұмабек. Мен Жүкеңді көрген сайын бұрынғының сал-серісін көргендей болушы едім. Әлі де солай. Қолына домбырасын алып Үкілі Ыбырайдың «Балқадишасын» айтқанда өзі де сол Үкілі Ыбырайға ұқсап кетеді.

Мен Жүкеңнің тек адамгершілік қасиеттерін, достық қарым-қатынастарын ғана айтқым келеді. Жүкең – достыққа адал, ізденімпаз, шаршауды білмейтін, кішіпейіл, менменсіген көкірегі жоқ, өте қарапайым жан. Үлкен шарапат иесі. Ал ұйымдастырушылық қабілеті өзінше бір бөлек әңгіме. Жолдастары мен достарының арасында беделді. Қаншама жоғары қызметтерде жүрсе де ешқашан көкірегін көтеріп, бәлсініп көрмеген. Керісінше, әркімнің жағдайын біліп, алдына барған ағайынның да, дос-жаранның да көңілін қалдырмай, қолынан келген көмегін көрсетіп жүргені. Қай жерге барсақ та, қай жерде отырмасақ та Жүкеңді алға саламыз. Арамызда жасы үлкендеріміз болса да Жүкеңе ығыстырып жол беріп отырады. Бұл деген үлкен сыйластықтың, құрметтің белгісі. Жүкең біздің көсеміміз іспетті. «Қой бастаған серкедей» болып алдымызда жүреді. Әмсе осылай аман-сау жүре берсін. Өз басым Жүкеңнің достарға, ағайынға деген бауырмалдық қасиеттерін балаларыма, достарыма тәлім-тәрбие қылып, үлгі ретінде айтып отырамын.

Біз жастықтың қайталанбас көңілді, қызықты уақыттарын бірге өткіздік. Біраз жылдар бір көшенің бойында пәтер жалдап тұрған кездеріміз болды. Жайлаубай ағамыз «комендант» болған Маңғыстау көшесі талай-талай оқиғаларымыздың куәсі болды. Қуықтай-қуықтай бөлмелерде балашағаларымызбен тұрып жаттық. Күн сайын бір-бірімізге қонақ болып, тура сол баяғы студенттік күндер сияқты улап-шулап жүретін едік. Сол Маңғыстау көшесінде тұрғанда Жайлаубай ағай Бақытқұлмен бас қосып, тойын Жүкеңнің 20 қабатты үйдегі пәтерінде жасайтын болдық. Атшаптырым бөлмеге дастарқанды жерге жаятын болып шештік. Бәрін шешіп, ұйымдастырып жүрген баяғы Жүкең. Ай сайын пәтер ауыстырып, көшпенді өмір сүріп жүргендіктен бәрімізде артық көрпе-төсенішіміз, ыдыс-аяғымыз жоқтың қасы. Пәтер иесі келіп айғайын салып қуып шыққа, екі баламызды жетектеп, 1-2 көрпе мен жастығымызды, 5-6 шыны-шәйнегімізді буып алып, көшеден ұстаған таксиге сыйып кете беретін едік. Сол жолы Жүкең бәрімізге «Жыртық көрпе, сынық шанышқы, кесе қалдырмай алып келіңдер» деген тапсырма берген соң мен үйдегі барлық көрпе-жастығымды, ыдыс-аяғымды алып екі машина болып жетіп барайын. Бәрі күліп жатыр. Сөйтсем Жүкең қалжыңдап айтқан екен.

Осы Жүкеңнің шарапатын мен де көп көрдім. Абдолланың ең соңғы жұмысы да Жүкең басқарған ұжымда өтті. Ала-құйын заман орнап, теледидарда жұмыс істеп жүргендер күн ашық, заман тынышта қудалауға ұшырап, қысқартуға ілінді. «Алатау» арнасы жабылып, «Таңшолпан» бағдарламасы және жабылып, «Ауыл» атты авторлық бағдарламаны жасап жүрген Абдолла да ауыл тірлігін айтамын, ауыл адамдарының хал-жағдайларының мүшкілдігін көрестемін деп жүріп әлдекімдердің қаһарына ұшырады. Міне, осы кезде Жүкең Абдоллаға қол ұшын созып, өзінің қарамағына жұмысқа алды. Жүкең осындай шарапатын Абдолла қатты ауырған кезде де, қайтыс болғаннан кейін де көп көрсетті. Сыр еліндегі туған жерінде, оқыған мектебінде Абдолланың есімін қалдыру мақсатында көп-көп қолғабысын жасаған курстастардың бірі де осы Жүкең болатын. Қызым Айнұр кандидаттық диссертациясын қорғайтын кезде де осы Жүкеңнің көп жәрдемін, ақыл-кеңесін көрдік. Тіпті қорғап шыққан күнгі банкетке Жүкең мен Тәкеңнің келгендері Абдолланың жоқ екенін де білдіртпеді.

Абдолла қайтыс болғалы бері де міне, сегіз жылға жуық уақыт өтіпті. Ал Жүкең болса біздің отбасын әлі ұмытқан жоқ. Соның бір дәлелі – биылғы жылы пошта арқылы алып, оқып жүрген «Ана тілі» газеті.

Тәкең мен Бөкең

Мен бұл кісілерді бөле алмадым. Егіз қозыдай бірге жүретін осы кісілер менің бауырларым секілді болды, әлі де солай. Өздерін «Асан-Үсенбіз» дейтін. Әлде Абдолланың «Мынау Болат деген ағаң» немесе «Мынау Талғат деген ағаң» деп таныстырғанынан ба екен, әлде олардың мені қарындастарындай көріп, жақын тартқандарынан ба екен, әйтеуір екеуін де ағаларым секілді қабылдадым. Олардың алдында айтылатын орынсыз қалжыңнан да, әңгімелерден де ыңғайсызданатынмын.

Бөкең бір қарасаң қабағын ашпай, түнеріп жүретін сияқты көрінетін. Ал тани білген адамға мүлде басқаша еді. Аса көп сөйлемейтін. Кей-кейде бір ашылып сөйлеп, әңгіме айтатыны бар-ды. Жаны нәзік, жүрегі таза, адамгершілік қасиеті жоғары болатын. Кез келген адамнан көмегін, жақсылығын аямайтын. Көп нәрсені ішіне сақтап, көп ашыла қоймайтын Бөкең қиналса да, қуанса да, қайғырса да бәрін ішіне сақтайтын еді. Мүмкін өмірден ерте кеткеніне де осы мінезі себеп болды ма екен деп ойлаймын кейде. Жұдырықтай жүрегіне салмақ түсті ме екен?

Театрдың не екенін, спектакльдің құдіретін біз Тәкең арқылы білдік. Студенттік жылдардағы қалтасы қалың студент, сол – Тәкең еді. Бізді ылғи да театрға ертіп алып баратын. Сосын бізге келгенде ылғи да плитка шоколадтар әкелуші еді (ол кезде қазіргідей неше түрлі шетелдік шокалодтар жоқ болатын). Уақытымыз болып жатса, киноға жиі баратынбыз. Қолы ашық, ешнәрсесін аямайтын. Қазір де сол қалпы. Тәкең «Кең болсаң, кем болмайсың» деген сөзді өмірлік ұстанымы еткен. Менің де санама осы сөзін сіңдірді. Тәкеңнің айтқан әрбір сөзінен үлкен ғибрат алуға болады. Айтқан әр сөзінде үлкен мән бар. Өресі биік, шоқтығы жоғары. Биік парасаттың, даладай дархандықтың иесі. Тәкеңнің болмысы жазу деп жаратылған жан ғой. Ол кісінің жазушылығы бір басқа, журналистігі бір бөлек. Халқымның, елімнің болашағы деп жүрген және сол үшін бүкіл денсаулығын, қажыр-қайратын арнап жүрген азамат. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі туралы жазылған дүниелерді топтап, құрастырып, том-том етіп өз қаражатына бастырып шығаруының өзі жүрегінің халқы үшін соғатынын білдіреді емес пе? Баяғыда мөлдіреген сезімге толы жазған талай-талай новеллаларын радиодан деміміз ізді шығармай отырып тыңдаушы едік. Қазақ балаларына арналған «Жыл – он екі ай» альманағы арқылы бүкіл балалардың санасына нұр құйып келеді. Бұл біздің болашағымыз – балаларымызға шашқан шапағаты емес пе?

Тәкең мен Бөкеңді бөлмейтінбіз. Бірақ ажал деген аждаһа Абдолла мен Бөкеңді арамыздан алыстатып алып кетті. Өткен жылдың маусым айында таңертең Бөкең үйге келіпті. Соңғы рет

келгені екен. Жексенбі болатын. Екеуміз ас үйде отырып шәй іштік. Көкейімде жүрген, жүрегіме салмақ салып жүрген ойларымды айтып, біраз орталанып қалдым. Бөкең де маған ақылын айтып, менімен бірге мұңайып отырды. Дүрәлі жіберген Назеркенің ұзатылу тойына шақырған билетін алып келіпті. «Қыз баласың ғой. Өз қолыммен тапсырайын деп келдім», – деді. Сосын: «Келесі аптаның екінші күні Батырдың шілдеханасы ғой. Қалмай келерсің», – деп қайта-қайта тапсырды. Шілдеханаға бардым. Бір аптадан соң Серік пен Балқияның балалары Мерейдің үйлену тойында болдық. Соңғы рет көргенім екен. Қайдан білейін? Тағы бір апта өткенде ауылға кетіп бара жатып жолда бір жұмыспен қалта телефонына қоңырау шалдым. Ұзынағашта Назеркенің құдалығында отырмын деді. Бұл Бөкең бауырымнан ең соңғы байланысым екенін ол да, мен де білген жоқпыз. Келесі аптада өтетін ата-анама арналған асқа келулері керек еді. Ертең жолға шығамыз деп отырған күні аяқ астынан ауырып, ауруханаға түсіпті. Ауылға дейін бір машинаға отырып, сыр шертісіп барамыз деген екен Тәкеңе. Сол күнге жетпей, ақыры көз жұмды. Қайран, Бөке-ай, орны да бөлек, өзі де бөлек, бауырым-ай! Естігенде сенер-сенбесімді білмедім. Ақтық сапарға да шығарып сала алмадым. Жайлауда жүріп, байланыстың жоқтығынан кеш естідім. Күтпеген жағдай маған қатты әсер етті. Топырағын көрген соң барып мына өмірде жоқ екеніне көзім жетті. Зират басындағы суреті мұңайып қарап тұр екен. Аяп кеттім. Жүрегім қатты-қатты шаншыды.

Сол түні түсіме кірді. Түсімде бара алмай қалған Талды жайлауында жүр екенбіз деймін. Талды өзені ағып жатыр екен. Мен Бөкеңе «Анау жерге үйлерді тіктік, мынау мен айтатын Талды өзені ғой», – деп таныстырып жатырмын. Кенет Бөкең өзеннің арғы бетіне өтіп кетіпті. Әншейінде кешіп өтетін Талды өзені ені кең, терең тұнғыққа айналып кеткен екен деймін. «Апырым-ау, әнеукүні ғана аттап өтетіндей тап-таяз еді ғой, неге терендеп кеткен?» – деп таңғалып жатырмын. «Бөке, байқаңызшы, андағы жер тым терең екен, құлап кетпеңіз», – деймін жанұшыра айқайлап. Өз дауысымнан өзім оянып кеттім. Түсім екен. Еріксіз жылауға тура келді. «Әй, Бөкем-ай, көкірегінде Талдыға барып, достарыммен демаламын, Тәкеңмен сыр шертісіп бірге отырып барамыз деген әсем ойлары бірге кетті-ау!».

Таң да таяу екен. Қайтып ұйықтай алмадым. Тұрып жеті шелпек пісіріп, білген дұғамды бағыштадым. Менің қолымнан басқа не келеді?

Жәннаттың жасыл бағы бұйырсын Бөкеңе. Шыға алмай кеткен шыңдарына ұлы Ернар шықсын! Жетпеген мұраттарына немересі Батыр жетсін! Қарасаздың қара мақпал түнінде, қара судың бойында жүріп тапқан асыл жары Мақпал аман болса, шаңырағының оты сөнбес. Ылайым, солай болсын!

Бөкең өмірден өткелі бері Тәкең де жалғызсырап қалғандай. Екеуі анда-санда кездесіп, таяу арадағы кафеде отырып, әңгіме айтып, сыр шертісетін еді. Бүгінде Тәкең сол бір күндерді сағынатын сияқты. Тұтқиылдан келген дос қазасы ауыр соққаны анық. Менің байқауымша, әлі күнге сене алмай жүр. Кездескен сайын Бөкеңді есімізге алмай, Бөкең туралы айтпай кете алмаймыз. Ылғи да «Менің мойнымда Бөкенбай тұр» деп отырғаны. Бұл да болса доскa деген адалдығы, достық жолындағы парызы шығар.

Өркен

Газет ішіндегі студенттер газеті

«Өркеннің» ажарын түлектер өрнектейді

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Өткен күндермен салыстырғанда бүгінде қазақ басылымдарының шоқтығы биік деуге болады. Ұлтты тәрбиелеуге ұмтылған баспасөз өкілдері әрдайым қазыналы қазақ жұртының мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, әділдіктің ара-жігін ажыратып-ақ жүр. Олар сүбелі сараптама, омарталы ой арқылы оқырман ажарын әрлей алатындарын әбден түсінеді. Осы қазақ журналистикасы ортасында «Қазақ университеті» газетінің де өзіндік жолы бар дей аламыз. Өйткені, бұл басылым талай майталман тұлғалардың қалыптасуына үлес қосты. Ал оның студенттерге арналған «Өркен» қосымшасы «бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей жас тәлімгерлердің шығармашылық тұрғыдан дамуына ықпал етіп келеді.

«Қазақ университеті» газетінің студенттерге арналған «Өркен» газеті кезінде қайраткер Алтынбек Сәрсенбаев, ақын Қайрат Әлімбек, белгілі журналист, бүгінде сыртта Елшілікте жүрген Бейбіт Исабаев секілді көптеген журфактың жас қырандарының шығармашылықтарына алғашқы бастау болған өмір-өзеннің жалғасы. Міне, араға жылдар салып «Қазақ университеті» газетінің ішіндегі студенттер газеті ретінде шығып келе жатқанына біраз жыл болды. Бұл бүгінгі жастардың жанартаудай күш-жігерін, рухани құндылығын, өнегесі мен өнерін, алып ұшқан пәк сезімін, прозасы мен поэзиясын өрнектеген «Өркеннің» тамыры тереңде жатқандығын айғақтайды.

Тұлғалардың тыңнан түрен тартып, кезінде жарыққа шығарып, артына қалдырған мұрасын бүгінгі ұрпақ үкілеп отырмыз. Барша ҚазҰУ жастары жалынын бір сәтке осы басылыммен жалау етсін деген мақсатпен басылымның бағдарын аша түстік. Қара шаңырақтың өршіл өнегелі жастарын мадақтап, әр жақсылыққа баланған қадамын қуана жариялап, өз қатарластарына ұсынып отырғанымыздың өзі де біз үшін биік мәртебе.

«Өркен» жастарға өнеге болатын бастамалардан еш қашқан емес. Сол секілді тағы да бір тың идея. Біз кезекті «Өркеннің» санын студент жастар үшін өнеге болсын деген ниетпен ҚазҰУ-ды осыдан 30 жыл бұрын тәмамдаған, «арман қуып, арғымақ ойнатқан» кешегі жастар, бүгінгі белгілі журналист, танымал көсемсөзгер, ақынның студент кездеріндегі жазған дүниелеріне арнап отырмыз. Жастар да белгілі тұлғалардың өсу жолын бастан кешіргенін білсін, сезінсін, сабақ алсын деген ілтипат.

Тағы бір айта кететін жайт, ертең ҚазҰУ-дың журфагін 30 жыл бұрын бітірген «81-дің түлектері» қара шаңырақта бас қосып, ұстаз шарапатына тәу етпек. Бұл да айтары зор игіліктің белгісі. Ал қасиетті ҚазҰУ қашанда әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолында қызмет етіп келе жатқан Қазақстанның элитасы – өз түлектерін мақтан тұтады.

Құрметті жасдос, «Өркеннің» оқырмандары, бүгінгі студент ертеңгі салиқалы да салмақты азамат екенін естен шығармауымыз керек. Сондықтан алдыңғы толқыннан үлгі алар тұстарымыз болса қапы қалмайық.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
«Өркен» газетінің Бас редакторы

Он алты қыз

(әзіл әңгіме)

«Біздің курстың қыздары» деген тақырыпқа мақала жазуға тапсырма алғаныма да бірнеше күн болды. Содан бері қалай жазудың жолдарын қарастырудамын. Курстағы қыздардың жүзіне де бұрынғыдай емес, өзімше барлай қарайтын болдым. Жүріс-тұрыстарынан, сөйлеу мәнерлерінен мақалаға қажетті жайларды іздеймін. Менің бойымдағы өзгерістерді қу қыздар да сезді-ау деймін, үзіліс кездерінде мен жаққа қарап қойып, әлденені айтысып күліседі, кейбіреулері, тіпті сабақ кезінде де маған ұрлана қарап қояды.

Күні бойы көрген-білгенімді кешке қарай ой елегінен өткіземін. Кеше оларға іштей санақ жүргізіп көріп едім. «Біреу, екеу, үшеу... он алты. Он алты... Эврика! Таптым, он алты қыз». Осылайша, Ғарифолла ағайымыз бен «Досмұқасан» ансамблінің орындауында әйгілі болған халықтың «Он алты қыз» әні мақаланың өн бойына негіз болды.

Тамаққа жаңа ғана бас қойып едік, біреудің есік қаққаны, соның артын ала: «Ұлдар! Сендерде «Фольклор және эстетика» деген кітап бар ма?» деген сыңғыр үн естілді. Айтпай-ақ танимыз, бұл – Гүлмира. Бізден қанағаттандырғысыз жауап алған соң, қанша қолқалағанымызға қарамастан: «Әй, сендерді де...», – деп ол сықылықтай күліп, шыға жөнелді. Бұл сөздер оның алғашқы және соңғы лебіздері, қашан да осы. Және екі сөзге ол ерекше ықылас қойып айтады. Толықтау келген, орта бойлы, шашы қиылған сары қыз Гүлмира өте пысық, тындырымды. Сабақты да жақсы оқиды, билеген кезде оның толықша бітімі де сүйкімді болып кетеді. «Е, е... кімнің мандайындағы жұлдыз екен?» – дейді Дүрәлі. Бәріміз де бір сәтке үнсіз қалдық. Бұл үнсіздіктің астарында манағы сұрақтың бәрімізді де толғандыратыны бар секілді.

Бесінші қабаттағы алпысыншы бөлме – курс жігіттерінің тәуір бағасына ие болған бөлме, өнерпаздар бөлмесі. Топ-томпақ Алманың домбыраға қосыла шырқаған әніне бәріміз де сүйсінеміз, ал би десе ұшып тұратын Балқия «Былқылдақ» пен «Сылқылдақты» шерткенде, өзімізді таудан құлаған бұлақ басында тұрғандай сезінеміз. Гүлмираның ерке-назды қылығы үшін ғана: бұл бөлмеге күніге бір рет бас сұғып шығу бізге әдетке айналған.

Елу жетінші секцияның «А» бөлмесінде ыңғай «мықтылар» тұрады. Толық келген ақсары қыз Шолпан – профорг, бұйра шашты Күләш – студенттер советінің мүшесі, ал Светлана өзін-өзі бастық сайлап, жиналыстарда үнемі «принципті» түрде сөйлейді. Сондықтан да бұл бөлмені «бастықтар» бөлмесі деп те атайды. (Естеріңде болсын, жігіттер!). «Б» бөлмесінде «Мың жасағым келеді» деген өлеңімен республикалық газет арқылы танымал болған «мың жасағыр» ақын қызымыз Бақытқүл тұрады. Бұл бөлмеге ана – иненің көзінен өтетін Мұрат, Азат секілді жігіттер жиі барғыштай береді. Бұлар, тіпті соңғы кездері: «Мың жасағым келеді», – деп ыңылдап та жүретін болды. «Е, е... бұл кімнің жұлдызы екен?»

* * *

– Жаным-ау, жаным-ау,
Неге алдадың, неге алдадың,
«Неужели» бір хат жазуға жарамадың...

Осылай басталатын аты жоқ әннің авторлары №54 секцияның тұрғындары: Сәтен, Оңлагүл, Әтіркүл, Қалдықүл, Несібелі. Ән үнемі айтылады. Сөзін қайдам, әуені менің жүйке тамырымды шымырлатады. Әнді домбырасын шертіп-шертіп жіберіп Әтіркүл мен мұндайда оған сүйене отыратын Қалдықүл бастайды. Өзгелері іле жөнеліп, бұл әнді жатақхана емес, Алатаудың ұшар басына дейін көтереді.

– Жолдастар, бүгін мені декан шақырып алып, былай деді. Бұл – 102-группаның старостасы, шашы сары, өңі қараторы Мәншүктің жиі-жиі айтатын өзіндік сөзі. Атын Мәншүк деп қойғанда, шамасы, батыр болсын деген-ау. Ісіне тындырымды, сөзіне сенімді. Мәншүк – нағыз «батыр» староста.

Жатақханадан, әсте, ән үзілмейді. Әсіресе бұл құбылыс екінші қабатта үздіксіз жүреді. Оның себебі бұл қабатта біздің Салтанат тұрады. Қандай пластинка керек, бәрін де Салтанаттан табуға болады. Тіпті «Салтанат Бетховеннің «Сонатасын» тыңдаймын деп ұйықтап қалып, сабаққа кешігіп келіпті» деген әзіл де тарап кеткен.

* * *

Мен жалпы ақын жанды болғаныммен, ақын емеспін. Дегенмен көп күнгі сырларымды өлең жолдарына түсірдім. «Он алты қыздың» әуенімен айтылатын бұл ән екі жолды бір шумақтан және қайырмадан тұрады.

Второй, третий сорттар жатыр толып,
Бәрінен біздің қыздар барады озып.
Ұзын шашты Қалдықүл-ай,
Былқылдаған Шара-ай,
Сылқылдаған Сәтен-ай,
Толықсыған Бағдат-ай...

Осылайша, барлық он алты қызымыздың мен даралаған қасиеттері тізіледі де, ән былай аяқталады.

Я люблю а...ай, он алты қызды-ай!

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
журфактың 1-курс студенті.
«Қазақ университеті»,
05. 03. 1977 жыл

Курстастарға хат

Орындалып тағы бір талаптарың,
Барасындар достарым тарап бәрің.
Жаулап алған жанымның жаннат бағын,
Қайрылмасын ешқашан қанаттарың.

Соны ойласам қабағым ашылмайды,
Соны ойласам уайым басылмайды.
Жастарға үлгі болған сан қырынан
Кім қияды **Сәтен** мен **Әшірбайды.**

Кетпегенмен шарықтап көптен асып,
Алматыны жүрген жоқ текке басып.
Жайлаубай бұл қаңғыған жетімдерді
Асыраған адам ғып, детдом ашып.

Жүре алмайтын жан едің тыныш тауып,
Үлгердің үйді де алып, жұмыс тауып.
Енді саған қалғаны бір-ақ нәрсе –
Қыздың да таңда **Талғат** дұрыстауын.

Жаратқанмен бұл өмір бізді мықты,
Жанарымда тұрғаны-ай күзгі шықтың.
Шабысыңнан танбағың беу, **Жұмабек,**
Ортамыздан сен біздің үздік шықтың.

Айналаға ұшқын жыр тарататын,
Күллі жанды аузына қарататын.
Ортамызда ойнақтап ерке болдың,
Жыр өрісте серке бол, **Самат** ақын!

Әнін де, сықағын да сойылдаған,
Қожекев – декан да мойындаған.
Мықтыларға бой бермес **Еркін** ағам
Жүздесіп жүрейікші тойында аман.

(Жалғасы 6-бетте)

МАХАББАТ

МЕН ҒАШЫҚ ЕМЕСПІН

Ол маған ұнады. Ал мен оған ұнауға тырысып жүрдім. Бірде екеуміз би алаңында кездестік. Оны көргенде қатты қуанып кеттім. Өйткені біз әлі таныспаған едік. Танысуға бұдан артық қолайлы сәт, сірә, болмаса керек.

Би басталған бойда-ақ ортаға шақыру ойымда еді. Бірақ реті келмеді.

Вальс ойналды. Адымдай басып, оған жақындадым. Менің шақыруымды қалай қабылдайды деп жүрексінбедім де. Алдына келіп, ізет көрсетіп, қолымды ұсындым. Ол мен бірдеңе ұсынып тұрғандай, қолыма көзін төңкере бір қарап:

– Билемеймін, – деді. Бұнысы «берген затыңды алмаймын» дегендей болып әсер етті. Іс үстінде ұсталған ұрыдай созған қолымды қайда жібірерімді білмедім. «Жұрт көріп қойды-ау» деген суық ой келмегенде, осылайша, қанша тұрарым белгісіз еді.

Әлдеқандай бір қыздың кеудемнен итергені. Ойласам, бетім дуылдап кетеді. Бөлмені ары-бері мың қайтара кезіп, байыз тауып отыра алсамшы. Қайта-қайта темекі тұтатып, оның көк түтінін құнығып жұтпай жатып-ақ әлгі жай есіме оралып, лақтырып тастаймын.

Біз содан кейін де көшеде талай-талай кездесіп жүрдік. Неге екенін білмеймін, оны көргенде жүрегім ала бөтен өрекпіп, тулап қоя береді. Сасқалақтап, бетіне тура қарай алмаймын. «Енді көрсем сызданып, ашулы екенімді білдірмесем бе?» деген ой жайына қалады. Тек ол қасымнан тербеле басып өте шыққаннан кейін барып, өзімді жерден алып, жерге салам. Қалайда өзімнің ғашық екендігімді мойындағым келмейді. Мен ғашық болатындай, түнімен ұйықтамай ойлап шығатындай, ол соншалықты кім еді?

Осы ойлар бірте-бірте меңдеп алғаны сонша, енді ол қыз қасымнан өткенде, бұрынғыдай абыржымайтын болдым. Иығымды қомдап, кеудемді көтеріп, аяғымды барынша салмақпен басып, өте шығамын.

Бәрібір биге барғанда көңілімді қайтарғаны есімнен кетпейді. Есеп 1:0. Қарымта қайтаруым керек. Есеп теңелгесін, ол да, мен де өз жөнімізбен кетеміз, бәрін де ұмытамыз... Оған ғашық болмасам үстіме жақсы киім кие қалған күндері, ол көрмей қалса, айнаның алдына неше барып, неше кеткенім есіме түсіп, күйінетінім неліктен? Егер оған ғашық болмасам, өстер ме едім? *(Әлде мұным қыр көрсету ме?)*

Біз содан кейін де көшеде талай-талай кездесіп жүрдік. Қарсыласым баяғыша шығыңқы кеудесін көрсетіп, түзу, әдемі аяқтарын барынша еппен басып, өте шығады. Тіпті ол маған бола кеудесін кермейтін болар,кеудесін қос анары онсыз да керіп тұр емес пе? Ол менің осынша тыраштанып жүргенімді байқамайтын да болар.

Бірте-бірте қатты өшіге бастадым. Ол керденде қасымнан өтіп бара жатқанда, қолымдағы портфельмен жіберіп ұрғым келеді.

Күндер солай өтіп жатты. Достарым демалыс сайын қараларын көрсетпей, қыдырып кетеді. Бәрінің қыздары бар. Ал менің әлдекімнен қарымта қайтарамын деп, жүрген жүрісім мынау.

Бір күні кинотеатрға бардым. Свердловс киностудиясы шығарған «Фонтан жанында кездесейік» деген комедия жүріп жатыр екен. Билет алдым.

Фильмнің басталуына әлі жарты сағаттай уақыт бар.Сыртқа қайта шықтым. Ондағы ойым – уақыт өткізу. Сәлден соң ішке кірсем, әлі сол жарты сағат тапжылмапты. Театрға жалғыз келуімнің соңы осы болсын деп түйдім ішімнен. Сол сәтте есіме бейтаныс қыз түсті. Бейтаныс деймін-ау, ол маған әбден таныс емес пе? Қазір қайда жүр екен? Мүмкін жігітімен қыдырып жүрген болар. Олай емес, оның жігіті жоқ, ол қашан да мен сияқты жалғыз жүретін... Бойымнан қызғаныш сияқты бірнәрсенің оянғанын сездім. *(Әй, сенің жұмысың не, кіммен қыдырса оны-мен қыдырсын, сен оған ғашық емессің ғой, қызғанатындай)*. Сәлден соң, «сондай сұлу қыздың неге осы күнге дейін сыңары жоқ, олай болуы мүмкін емес қой» деп, ойлана бастадым. Үш қайтара қоңырау соғылғаннан кейін залға кіріп, билетте көрсетілген орынға жайғастым.

Кенет оң жағыма қарасам, ол отыр. Содан қайтып бұрылғам жоқ. Картина тым қызық екен. Бірақ екеуміз де сіресіп отырдық та қойдық. Жұрт шалқайып та күлді, еңкейіп те күлді.

Біз кинотеатрдан шыққанда күн кешкіріп қалыпты. Қар жауып тұр жапалақтап. Көлікке отырмай-ақ жаяу барғым келді. Күртешенің жағасын көтеріп қойдым. Жапалақ қар шашыма қонып жатыр, қонып жатыр. Асығатын не бар? Әр қадамымды еріншектей, санап басамын. Бейтаныс қызбен арадағы болған жайларды есіме алып, жымиып қоямын. Басымды көтерсем, алдымда дәл мен сияқты еппен басып, бір таныс бейне кетіп барады. Сол ғой. Бүгін оны-мен қалай да татуласқым келді. Міне, мен оған таяп та қалдым. Қатарласуға батпаймын, тағы да бетім қайта ма деп қорыққандықтан болар. Олай емес сияқты. *(Енді не?)*

Әлі жүріп келеміз, әлі жүріп келеміз. Сірә, менің соңынан ілесіп келе жатқанымды сезеді-ау деймін, артына бір бұрылмады.

Жүрісі қызық өзінің. Тербеле баса ма, қалай? Өмірге ішпей-жемей мас болып жүрген біреу шығар. Оның осылай жүргенін көрсем, қарадан қарап, тиіскім келеді. Қазір жетіп алып, қарға аунатып кетсем бе екен?.. Аяғымды қарыштай адымдап, оған жеттім. Әдейі қарды сықырлата-сықырлата басам, естімегенсиді. Сосын шыдамадым. Пальтосының жағасынан тартып қалып, жерге құлаттым. Сәйттім де, түк болмағандай, кете бердім. Апыр-ай, осы ісім қалай болды? Қой, барып тұрғызайын, кешірім сұрайын. Бұрылып қарасам, менің көмегімсіз-ақ орнынан тұрып, жүріп келеді. Не айтады деп күтіп тұрдым. «Ұятсыз, ақымақ...» Әйтеуір осы сияқты сөздің бірін еститінім анық.

Ол түк болмағандай жанымнан өте берді. Жыным мұндай келмес. Жетіп алдым да, бас салып құшақтап, өзіме икемдеп, ернінен сүйе бердім, сүйе бердім. Ал ол көптен бері осыны күткендей, үндемеді. Жүрегім дәл баяғыша аттай тулап, кеудемде қуаныш нұры ойнап қоя берді. Көп тұрып қалыппыз. Бір сәт талай мәрте көзіне ілмей, қасымнан өтіп кеткені есіме түсіп, оны сол сәтте өзімнен ажыратып, жай ғана салмақпен:

– Мен саған ғашық емеспін, – дедім.

Ол қабағын қатайтып:

– Мен де саған ғашық емеспін, – деді.

– Енді неге сүйістің?

Кенет ол шыдамай күліп жіберді. Мен де шыдамай, күліп жібердім.

СЕН СҰЛУ ЕМЕССІҢ

Соңғы кезде тым қызғаншақ болып бара жатқан сияқтымын. Оның бәрі бір саған ғана байланысты.

Сен маған басқа адам болып жүрген кездері *(сен маған сол алғашқы көрген күннен бастап жақын адамсың, қасымда жүрмесең де ойымда жүретінсің)* ерніңнен сүюдің өзі қол жетпес арман еді. Ол арманым орындалды. Әйтсе де қызғаныш деген бір пәле күн санап өсіп, ойымды меңдеп алды.

Сенің өзге жігітпен сөйлесіп тұрғаныңды көрсем, соған көңілі ауып кетпеді ме екен деп ойлаймын. Тіпті, бірге жүретін дос қыздарыңнан да қызғанамын. Олар мені ұнатпай, саған басқа бір жақсы жігіттерді мақтауы да мүмкін ғой.

Әлемдегі ең сұлу қыз – сенсің! Мен оны дәлелдеп, неше күн бойы сөйлеуден жалықпаймын. Әрине, айтқым келмейді-ақ, ішіме сыймайды, достарыма сенің қалай күлетініңді, қалай жүретініңді, екеуміздің қыдырғанымызды, сенің не дегеніңді, менің не дегенімді айтып берем. Бірақ олар немқұрайды тыңдайды. Оларға қызық емес сияқты. Қайдан қызық емес болсын...

Әлемдегі ең сұлу қыз сен болсаң, онда әлемдегі бар жігіттер ғашық болады да. Ал мен ең мықты жігітпін бе? Олай деп айта алмаймын. Ендеше...

Бүгін мен сені аялап тұрып, жүзіңе анықтап қарадым. Міне, жаңалық, сен сұлу емес екенсің! Қазақтың көп қыздарындай, қараторы, сүйкімдісің.

Солай болғаны жақсы. Сенің бойыңдағы құдіретті менен басқа ешкім сезбей-ақ қойсын. Сенің сұлу екеніңді өзім ғана білейін, өзім ғана мойындайын. Сен сұлу емессің!

ТАҢ

Шіркін, тамыз түндері-ай. Ұйқы бізден қайда қашқан. Айырылысуға қимаймыз. Әне кетеміз, міне кетемізбен түн ортасы да ауды. Жым-жырт, мылқау әлем. Құшағыма сені тартуым мұң екен, әлгінде ғана тіл-құлақтан айрылғандай көрінген дүние жанданып сала берді. Аяқ астымыздағы жер қозғалып, тербете жөнелгендей. Алыстан талып жеткен үн бар сиқырымен баурап алды. «Мәңгілік әуен» *(мен ол әуенді осылай атадым)*. Бұл әуен екеумізге ғана арналған. Оны ешкім білмеуге тиіс, біле алмайды да, ол – сенің жүрегің мен менің жүрегімнің қосылып айтқан әні ғой.

«Мәңгілік әуен». Сен қандай күшті едің! Сені тыңдай-тыңдай шарап ішкендей масайрадық.

«Мәңгілік әуен». Сен қандай құдіретті едің?! Құдіреттілігің сондай, әлемдегі құдірет атаулыны екеуміздің кеудемізге сыйғызып отырсың. Сен, сен... Сен қандай сұлу едің!

Мен, мен... Мен қандай бақытты едім!

Таң атпаса, дүние осылай мәңгілікке мұлгіп кетсе екен деп тілегенбіз. Бірақ таң атып келеді, таң атып келеді бозамықтанып.

Таң.

Таң бізді екі айырды.

СЕН СОНЫ СЕЗЕСІҢ БЕ?

Саған дейін... Өзгелерден адамда айтылмайтын бір құпия сырлар болады деп еститінмін. *(Ол қандай сырлар болды екен?)* Өзімде сондай құпия неге жоқ деп налушы едім.

(Сірә, мен кеудесінде тұнып жатар мұңы жоқ сезімсіз жан болармын ба?)

Енді, міне, сонау жан түкпірінен жарыққа шыққысы келгендей, саған деген сырларым кеудемде бұлқынады келіп...

Саған дейін... Өзгелерден ғашық

МИНИАТЮРАЛАРЫ

болған кезде, жүрегің бір жанның есімін айтып, дүрсілдете соғады деп еститінмін. *(Ал оның жүрегі сен деп соғар ма екен?)* Ұйықтар кезде, таныс-бейтаныс қыздарды көз алдымнан өткізіп, жүрегім солардың қайсысының есімін айтып соғады екен деп, қиялға батамын. Егер өзіме салса, жүрегім олардың бір де біреуінің есімін айтып соғуын қаламаған болар едім. Өйткені мен ойлаған жан, мынау айналамдағы қыздардың ешқайсысына да ұқсамайтын сияқты. Ол менің көзіме қашан түседі, мен оны көрген кезде қандай күйде болар екенмін?

Сөйтсем, сен өне бойы қасымда, бір-ақ аттам жерде жүріпсің. Алғашында, аңғармадым.

Ал содан кейін үндемей жүріп,

ораламын, ал сен кешкілік биге бар...

– Жарайды, келістік.

Қасымда сен жоқсың. Сыңарынан айрылған аққудай жаным жүдеу. Состиған көлеңкемнен үркемін. Сен қасымда жүргенде, мерейім қашанда үстем еді. Даланың тірі гүлі көркіме көрік қосқандай көрінетін. Дала гүлсіз қандай жүдеу болса, ер адам да әйелсіз соншалықты мүсәпір екен-ау.

Студенттік өмірде тойып бір жейтін тамақты аңсайтын кезің аз ба? Ал бүгінгі бай дастарқанда менің тәбетім ашылар емес. Ау, бұл адамдар бос сөзбен таңды атырмақ па? Не өңгіме айтылып жатыр? Құлағым күңгір-күңгір. Менің ештеңеге зауқым жоқ. Бал шарап та көңілімді желпінтпейді. Қайта-қайта сағатыма қараймын. Түн ортасы. Ішінде оттай тіршілігі қайнаған думанды мекен тымтым алыста қалғандай дәрменсіз күй кешемін. Кейде бір күннің ғасырдан да ұзақ көрінерін сезер ме едің?

Достым, сөзіме құлақ ассаң, жолдың қашықтығын да ескермей, жеткізші думанды ортаға. Сенің осы жақсылығыңды

сұлулығыңа өзің сұқтанып, айнаға үңілесің.

Ал бүгін түсімде... Сенің бөлмеңнің алдында есігіңді қағып тұр екенмін. Атыңды атап, дауыстап та қоямын. Сөйтіп жатып, өз даусымнан өзім шошып ояндым. Әлгі түсті жайлап есіме түсіруім мұң екен... Ішім әлем-жәлем өртеніп қоя берді. Енді қайтып есігіңді қаға алмайтынымды ойлағанда, жүрегім сыздады. Төрт қабырға қысқан қапастан қалай құтыларымды білмедім.

Түн ортасы. Адамның дегбірін қашырған өлі тыныштық. Дәрменсіз күйде орнымнан әрең көтеріліп, телефон тұтқасына жақындадым. Міне, мен сенің телефон нөміріңді тере бастадым... Бесінші санды аяғына дейін тере алмай, қолым сылқ етіп түсіп кетті. Жоқ. Бейуақытта тыныштықтарыңды бұзуға қақым жоқ. Азаппен таң да атты. Сілем қатқан менің сонда ғана көзім ілінді.

Міне, мен сап-сары әлемді кезіп келемін. Екеумізге таныс тұстарды аралап қайтуға ұйғарғанмын. Біз қыдырған кезде бәрі де басқаша еді-ау.

жүрегімді қалай жаулап алғаныңды байқамай қалдым. Енді келіп, сені алғаш қай жерде көргенімді, қандай күйде болғанымды есіме түсіре алсамшы. Шіркін-ай, бір көргенде ғашық болған, шын мәнінде, тамаша екен ғой! Күндер бойы бақытымды аспаннан салбырып түсердей күтіп жүрсем. Егер сен екеніңді білсем... *(Шынымен-ақ білсем, не істер едім?)*

Күні кеше ғана өзгелерден айырмаң жоқ сияқты еді. Енді, міне, ерекшесің. Елдің бәрінен жақынсың... Енді тіпті түндер бойы ұйықтар алдында ойлайтын «ғажайып жанды» есіме де түсіргім келмейді. Оның орнын сен бастың...

Жүрсем де, тұрсам да сені ойлаймын. Түсімде де сені көремін. Сен дегенде кеудем күмбір-күмбір күйге толы.

Ал сен соны сезесің бе?

Сенімен әр кездескен сайын, осылардың бәрін бір ағыл-тегіл ақтарылып айтқым келеді. Мен бұған дейін сыр айтып көрген жан емен. Енді айтқым келеді. Жан түкпірімде бұғып жатқан, жаңа оянған ғажайып сырларымды тек саған айтқым келеді.

Мен саған сырымды айтам.

СЕН МЕНІ САҒЫНДЫҢ БА?

– Сен мені жақсы көріп қалдың-ау деймін...

– Қайдан білейін, әзірге жұбымыз жазылып көрген емес, мүмкін екеумізекі жаққа айырылыссақ, сонда ғана аңғаратын шығармын.

– Ендеше, сынап көрейік... Бүгін мен қонаққа жалғыз кетейін, ертең бір-ақ

өмір бойы ұмытпауға әзірмін. Әйтпесе, мына түннің мен үшін өтер түрі байқалмайды. Қапаста тұншығып, жалғыздықтан жапа шегемін ғой. Бір ауыз жылы сөзің маған қаншалықты қуаныш сыйларын сезер ме едің?

Көңіл қандай жүйрік. Ол, сенсең, мына машинаның жылдамдығынан да мың есе артық. Мен көңілденейін дедім. Жол қысқарған сайын, бақытты қолмен ұстауға аз-ақ қалған жандай жайдарыланамын. Әзіл тастап, айналама шуақ шашамын. Менің тағатсыздануымды сезгендей-ақ, доңғалақтар да алға қарай өршелене ұмтылғандай көрінеді. Сезесің бе, менің құшағым толған қуаныш.

Міне, мен есігіңді айқара ашып, кіріп келдім. Ал сен тағдырға мойынсұнып, мүмкін дәл осыны күтпей, мұңайып отыр едің. Көздерің ұшқын атып, еркелене-наздана:

– Той қалай өтті? – деп сұрадың сен.

– Білмеймін, мен тіпті тойға қатыспаған да сияқтымын.

– Ал, би ше? – деймін мен.

– Би сондай көңілсіз болды.

– Сен мені сағындың ба?

– Мен сені сағындым.

СЕЗІМ БҮРШІК ЖАРДЫ

Өзіңнен хабар алмағалы біршама уақыт. Құлаққа ұрған танадай тыныштықтан шошынып, арамызды алып бір өзен арнасы бөліп тастағандай-ақ, мазасыздана бастаймын. Сен мына ғаламат әлемге көзге көрінбес ноқат болып сіңіп кеткендейсің...

Сол бір шарасыз сәттен құтқарардай, алдымдағы қозыдай монтиған телефонға телміремін. Оның жаны бардай-ақ, жақ ашпай мелшигеніне өкпелеймін. Адасып түскен хабарлар менің үмітімді оятады.

Міне, безек қаққан шырыл дәл менің алып-ұшқан жүрегімнің лүпілінен аусайшы. Телефонның арғы жағында – сен... Әттең, көзге көрінбейсің. Дәл бір тордағы құстай тыпыршимын. Қамаудан құтылып, саған қарай ұшқым келеді.

Сен:

– Біздің жақта қар жауып тұр, – дейсің.

– Сен неге далаға шықпайсың? – деймін таңданып. Иә, мен жоқ екенмін-ау. Найзағайлы аспан астында сақ-сақ күліп, шелектеп құйған су құлын мүшемізді айқындап, қызғалдақты төбеден қол ұстасып төмен құлаған сәттерді елестетіп, кеудемді сағыныш кернейді. Ал бүгін:

– Тал-терек бүршік жарды, – дедің.

Мен шыдай алмадым. Тірліктің бәрін де ысырып, саған қарай бет алдым. Өйткені кеудемдегі бүршік жарған сезім атойлап алып ұшты.

ЖАПЫРАҚТАҒЫ ЖАС

Сенің түрің елеске айналды... Қанша азаптансам да мен ол елесті ұстай алмадым. Жақында түсіме ендің. Тура өңімдегідей, шашыңды жайып, өз

Міне, біз мына жолдармен қол ұстасып қыдырып, сырласып өңгіме айтатынбыз. Ал мына орындық біздің сүйікті мекеніміз еді. Жаңбыр шайған орындық бар қызығынан айрылғандай, тым жадау кейіпте. Тұнжыраған баққа ене бергенім сол еді, қатар-қатар алма ағаштарының арасынан сен жалт ете түскендей болдың. Өз көзіме өзім сенбей, алақтай жүгірдім. Сенің сыңғырлаған күлкің құлағыма жетіп, шырайлы жүзің бақ ішіне шуақ шашқандай көрінді. Мен емексіп, ұмтыла түстім. Әбден алаөкпе болдым. Кенет бақ іші қайтадан қараөлеңкеленіп сала берді. Әлгіндегі бұлт арасынан сығалаған күн сәулесі екен. Құр елесті қуып, алданғанымды біліп, сылқ түсіп отыра кеттім. Алдамшы өмір-ай. Кеше ғана осы ара мың құбылып, құстар сайрап, есімізді алған. Өткен күннен қане белгі, айтыңдаршы? Бірақ сарыала бақ селт етпеді.

«Біздің бақытты күндерімізге куә болған сендер емес пе едіңдер?», – деп алма ағаштың бұтағынан тас қып ұстап, сілки жөнелдім, ұялғандай, не деп жауап берерін білмегендей, бес-алты жапырақ қалбаң-қалбаң ұшып, жерге құлады.

Мен енді соншалықты жалғызсырағанымда, жанымды түсінетін ешкім таппағанымда жапа шегіп, ағаш діңіне басымды сүйеп, бәрін де соңғы рет ой елегінен өткізгім келді. Тіпті мен өзімді-өзім ұмытып, мүлгіп те кетер ме едім, кенет мойнымда құйылған сұп-суық тамшылар бүкіл денемді тітіркендіріп, жон арқамнан төмен домалай жөнелді.

Оқыс басымды көтеріп алғанмын. Қызық-ау. Әбден жаңбыр жуған жапырақтар, неше түн жылай-жылай суалған сұлудың өңіндей ақжемденіп кетіпті. Ал қандай да бір құдіреттің күшімен бұтақта қонақтап қалып қойған екі-үш тамшы, дәл менің бетімді тілгілеген ащы жастай жапырақ өзегін бойлап жылжып, үзіліп түсіп жатты...

Сәбит ДҮЙСЕНБИЕВ

(Соңы. Басы 5-бетте)

Тартып қойып жайымен мығынды,
Салмай кеттің бір қызға қиығынды.
Біліміңді **Өтеген** көтерген соң
Көтеретін кез келді ығынды.

Биге де баратұғын, бармай қалып,
Ұйқысы сонда-дағы қанбай қалып.
Дүр әлі болмасаң да **Дүрәлі** боп,
Жүре бер бақ жұлдызын мандайға алып.

Кезіміз жоқ керіскен, айқайласқан,
«Құда бол» деп **Абдолла** айтқан бастан.
Менің қызым келген жоқ дүниеге,
Сенің ұлың енді-енді тәй-тәй басқан.

Сыйлап өскен халықпыз қыз арманын,
Қаладым кемең өрге жүзе алғанын.
Несібелі шашынды қиған сайын
Тілеп жүрем жолыңның ұзарғанын.

Бойында бабамыздың салты басым,
Нар жігітсің сыр мінез, әр қыры асыл.
Қоштасарда айтарым жалғыз тілек,
Ал **Кәрібай**, мандайың жарқырасын.

Сан адамның **Әндіржан** даусын салдың,
Енді өмірде естілсін өз дауысың.

Сен болсаң жанарда емес, жүректесің,
Сөйлейді **Шолпан** саған тілектесің.
Өмір сені мейлі ғой арықтатса,
Ал жаныңды бәрібір жүдетпесін.

Шығаратын алысқа қазақ атын,
Шынар сынды бойшаң бір азаматым.
Көз көрмесін жылаған кездеріңді,
Өзгермесін ешқашан **Азат** атың.

Елемей жүректердің жиі ұрғанын,
Елемей жігіттердің қиылғанын.
Біздерге көз салмастан сылқым **Шара**
Басқаға қиын болды бұйырғаның.

Бұғып алып әркімді шымшып, қысқан.
Топ алдына кеттің бе бір шықпастан.
Бой жағынан соңғы орын алғаныңмен,
Жүлдені алдың **Мұрат** сен қырсықтықтан.

Тыңдаған сырларынды эфирдегі,
Түсіне жігіттердің не кірмеді.
Қалаймын қаламыңның жетілгенін,
Қалдыгүл көп сөзі жоқ көпірмелі.

Сен басқан із – ұқсамас бір ізге де,

Курстастарға хат

Жігіттердің бірі өзің талабы бар,
Жігіттердің бірі өзің жан оты бар.
Шархан досым МГУ-ге кетпес бұрын,
Құлақты емес, жүйкені қаратып ал.

Достарға – сөз, жанға – кір жолатқызбай,
Сызылып тұрушы едің **Болат** қыздай.
Жоғалтып ең сан нәрсе біздер үшін,
Ендігісін қаларсың тонатқызбай.

Болмады бастықпын деп көп бөсуің,
Болмады ренжуің, кектесуің.
Мейрамбек, староста ылғи өстіп,
Аман өт ортасынан от пен судың.

Алдыңнан күнің күліп, **Оңлагүл,**
Жайқалып шығар болсын жолыңа гүл,
Жаныңды түсінетін жақсы адамға,
Жайлы адамға тілегім жолыға біл.

Көшелі ағалардан сыр тыңдалық,
Көшеде сыраға да мұртың малып.
Есілтіп эссе жазшы еш тынбастан
Атыңа эстет **Қали** жұртың қанық.

Қазақ демес сені ешкім күндіз көріп,
Ойыңдағы арманың бір қыз болып.
Жұлдыз санап жүруші ең, **Әмір** досым,
Жарқырашы өзің де жұлдыз болып.

Эфирден әрбір үйге күле кірдің,
Сені ойлап жігіттердің мыңы егілді.
Гүлмира шашты бояу ештеңе емес,
Боямасаң болғаны жүрегінді.

Түсімізге кіреді Алматы анық
Түсіндім, мұнда көп жан қалмасы анық.
Мақаланды жібергің посылкамен
Жартысына **Коммунар** алма салып.

Домбырамен айтқанда «Дариғаны»,
Тыңдаушы еді Жайлаубай, Қали-дағы.

Жұмысқа орналассам **Ғазиз** ағам,
Берермін бір әдемі парик алып.

Жігіттер жүрді үмітін үзбей мүлде,
Көзіңе ілінбеп ед біздей пенде.
Балқия барсаң Жаңақорғаныңа
Жүрегін біреулердің іздей көрме.

Өмір – теңіз, талантты желкен еттің,
Жағалауын арманның көркем еттің.
Әнипадан айрылып қалам ба деп,
Бойдақтықтан **Сәбит** сен ерте кеттің.

Біреумен бес жылда шәй дескен емес,
Біреудің алдын тағы кескен емес,
Жүрегің ақ жансың ғой **Дәуітәлі,**
Өңіннің қаралығы ештеңе емес.

Біріннің-бірің болып қолқанатын,
Бақытты өмір сүріндер **Ержан – Әтір.**

Бір ұлдарың аталсын Қайнар болып,
Сендерге менен тілек сол ғана бір.

Кең мандайға жарасып бұйра шашың,
Жақсылықты бойыңа жинағансың.
Манқиған түйе сынды **Уәлихан**
Бақытты қыз тек сені бұйдаласын.

Сөзімнің ештеңе жоқ астарында,
Мінезің Алматының аспанындай.
Бір шумақ жырды саған екі жазып,
Салтанат, естен кетпес сасқаным-ай.

Жігіт бол жарқылдаған хас алмастай,
Жүресің ал сен жерден бас алмастан.
Жұмабай ортамыздан кетпексің бе,
Ұйқыңды шыныменен аша алмастан.

Сыпайы едің, сырбаз ең, сері де едің,
Елуінші боп бізге келіп едің.
«Мен сізді ұнатам» деп **Иса** досым
Жүрегінді әр қызға телімегін.

«Шіркін» деп тамсантатын **Бағдат** қандай,
Бағдатқа біткен және салмақ қандай.
Бояған көзін сүзіп қарағанда,
Ақынға екі дастан арнатқандай.

Сөйлеуші едің кей кезде есіп те кеп,
Тұрушы едің кей кезде есікке кеп.
Өмірдің сабақтары қаталдау ғой
Мылтықбай, өтінішім: кешікпе көп.

Қалжың, күлкі толтырып жаз бау ішін,
Алматыда жүрдік біз маздау үшін.

Достар сенен үмітін бір үзді ме.
Жаппар, дұрыс іздеуің жүректен дақ,
Бөлмелерден бірақ та кір іздеме.

Қыз біткеннің ішінде ұяңысың,
Қимай ұшып барасың ұяны шын.
Тұрар, сені сағынып жүреміз ғой,
Түсімізге жиі еніп тұрамысың.

Бойдақтықтан бұл күнде қырын қонып,
Бауырғали кетті отау үйің болып.
Оқудағы тұк емес, өмірдегі
Емтихандар жүрмесін қиын болып.

Қайыржан ақиқаттан қуаттандың,
Адалдық үшін талай құлап та алдың.
Ұстараның жүзіндей бұл өмірде
Ешбірінен сүрінбе сынақтардың.

Көңіл деген ешқашан тартылмай көл,
Ішінді де, ісінді алтындай бер.
Арасындай құрбының, **Роза,** сен
Алтындатқан тісіндей жарқылдай бер.

Сөйлескенде түсініп кетер кісің,
Саған ешкім деген жоқ «бөтенбісің».
Журфакты бітіріп ап **Батыр** аға,
Қоймашы боп түбінде кетермісің.

Бой түзеп, болашақтың жайнар бағы,
Бұлбұлым сол тойларда сайрар тағы.
Бәріне бір-бір шумақ жыр арнаған
Бәрінді қимайтұғын **Қайнар** дағы.

Қайнар ОЛЖАЕВ,
Алматы, 1981 жыл. Май-июнь

(Жалғасы, басы 4-бетте)

Он алты жігіт

Еркін

Жас кездерінде сабақтан шығысымен атышулы «Думаннан» аттарын бір суғарып алған бір топ біздің үйде бас қосатын. Жүрген жерлері думан, отырған жерлері әзілге толы осы бір топ желіп жүрген бөкендердей еді. Кезінде әэропорт жақтағы Нахаловка деген жерде көп бөлмелі пәтерде тұрдық. Еркін біздің үйге жиі келетін. Жалпы курстың жігіттері үзілмей келіп тұратын және қона-түней жатушы еді. Бір күн қонақсыз отырмайтынбыз. Мына жақтан менің курстас қыздарым келетін. Таңды таңға ұрып ән салудан еш шаршамаушы едік. Ол кезде қазіргідей селкілдеп би билемейтінбіз. Оқыған кітаптарымыз, жаттаған өлеңдеріміз туралы, махаббат туралы пікірлерімізді айтып, пікірталастар жасайтынбыз. Осы топтың бел ортасында Еркін жүретін. Ол кезде Еркебұлан кішкентай еді. Қолынан тастамайтын. Сол себепті біз Еркінді баламыздың өкіл әкесі атадық. Елгезек, достыққа адал, жарқын жанды Еркін қашан да қасымыздан табылатын. Отбасымыздың бір мүшесіндей болды.

Осы жерде Абдолланың Қызылорда қаласында еңбек тәжірибесінен өтіп жүргенде жазған бір хатынан үзінді бере кеткім келеді. Алматыда сабақта жүрген маған жазған хаты ғой. «...Еркін беті бүлкілдеп жүріп жатқан шығар. Қонақшыл еді, автобус болмай, Нахаловкадан қайта алмай қонып қалып жүрген жоқ па (әзіл ғой)?...15.10.1980 жыл. Қызылорда қаласы». Осы бір 2-3 ауыз сөйлемнің өзінен доска деген сағыныш, ыстық көңіл, адалдыққа құрылған әзілі бар екенін көруге болады. Шынымен-ақ, біздің үйге көп қонатын достарымыздың бірі Еркін еді. Көңіліміз жақын, арамызда үлкен сыйластық болды. Сондықтан да болар осы уақытқа дейін қарым-қатынасымызды үзбей, араласып келеміз. Осылай аралас-құралас болып жүргеніміздің бір себебі – Еркіннің жары Қалдығыз Абдоллаға рулас туыс болып келеді. Көзі тірісінде Абдолла «Қарындасым» деп жаны қалмай, жақын тартып тұратын еді. Қалдығыз да солай болды. Кешегі күні басыма ауыр қайғы түсіп, жылаудан бас көтермей жүргенімде бір жағыма шығып, қайғымды бөлісіп, шамалары келгенше көңілімді аулады. Абдолла қайтыс болып, еліне ас беруге барғанда басы-қасымызда Еркін мен Қалдығыз жүрді. Еркешім үйленетін болып, Астанаға сапар шеккенде де қуанышымның бел ортасында екеуі бас-көз болды. Аңқылдаған ақ көңіл Еркінді, әрдайым ақыл-кеңесін айтып отыратын сабырлы Қалдығызды қашан да өзіме сүйеу тұтамын. Өзінің іскерлігімен, ішкі мәдениетімен, білімділігімен, талантымен ерекшеленетін Еркін өз ойын ірікпей, кейде шымшып та жеткізетін үлкен сатирик. Қою қоңыр дауысымен арқаланып сөйлегенде құлағыңның құрышы қанғандай болады. Биін айтсайшы. Ол билегенде тек буыннан ғана тұратын сүйексіз жаратылған жан секілді көрінеді.

Қазақы тәрбие көрген, ұлт қасиетін бойына сіңіре алған парасатты Еркінді қашан да өз ісіне тындырымды, нағыз шығармашылық адамы ретінде бағалаймын. Арамызда толқынды шашы желбіреп, ақ бөкендей желіп жүре берсін. Тағдыр бізді әлі де талай-талай қуанышты сәттердің куәсі болуға жазсын дегім келеді.

Қали мен Дәуітәлі

Менің көңілімнің түкпіріне орнығып қалған қайны есебіндегі тағы бір екі жігіт бар. Олар – Қали мен Дәуітәлі секілді серілер. Мен оларды сері деп те, пері деп те айта аламын. Студент кездерінде екеуі жұбын жазбайтын. Қосылып салатын әндері қандай тамаша еді. Ойын-тойдың, отырыстың көркі болып, қыз-қырқынның көзінің құрты болып жүрді. Отырған жерлерін гүлдей жайнататын. Олар өздерінің сұлуығымен, мәдениеттілігімен, тәрбиелілігімен, әншілігімен көптің көзіне түскен жұп.

Әлі есімде, 1980 жылдың жазында олар бұрынғы Нарынқол ауданы, Энгельс атындағы колхозға (қазіргі Қарасаз ауылы) құрылыс отрядына барды. Бауыржан әлі кішкентай болатын. Солар мінген автобусқа мен де мініп, жолдан, Кегенге барғанда түсіп қалдым. Жолай бүкіл студенттер ән айтып, думандатып барды. Сол жолы Қали мен Дәуітәлінің айтқан «Бауырым-ай» әні әлі күнге құлағымнан кетпейді.

Осынау екі жігіттің достықтары отбасылық өмірде де жалғасын тауып, күні бүгінге дейін жұптарын жазбай келеді. Екеуін қатар көргенде есіме өткен күндер түседі. Осыдан екі жыл бұрын Астана қаласында Дәуітәлінің 50 жылдық мерейтойы өтті. Арамыздағы сыйластық жетелеп мені Астанаға алып барды. Той үстінде Дәуітәлі мен Қали студент кездеріндей болып қатар жүрді. Ағайыннан да қымбат, туыстан да жақын екендіктері көрер көзге білініп-ақ тұрды. Арада қаншама жылдар өтсе де жұптарын жазбай жүрген екеуіне таңдана да, таң қала да қарағанымды жасырмаймын. Әмсе жұптары жазылмай, ынтымақтары жарасып бірге жүре берсін! Ылайым, осы достықтары бүкіл ұмырларының серігі болсын! Көңілдерін кір шалмай, жарқын жандарын мұң баспасын! Құдайға шүкір, қазіргі қызметтері ірі болғанмен, көкіректері таңа емес. Қарапайым, ниеттері таза. Өсер елдің балаларындай «бірін-бірі батырым дейтін» азаматтар.

Ел игілігі, тәуелсіз еліміздің ертеңі үшін еңбек етіп жатқан жігіттерге қашан да ақ жол, амандық тілеймін. Осы жолы Дәуітәлі мен Баршағұлдің үлкен адамгершіліктерін көрдім. Баяғы студенттік жылдардағы пейіл де, көңіл де сол күйінде екен. Тойдың ертесінде үйлеріне шақырып, тамақ берді. Сонау Алматыдан өздері үшін арнайылап келді ғой дегендері шығар. Рахмет, онсыз да қадір-құрметтеріне ризамыз. «Ұлық болса да кішік болған» Дәуітәлі қайнымның отбасының амандығына, балаларының өсіп-өнуіне, жұмысының жемісті болып, бұдан да биік шыңдарға жетуіне шынайы көңілден тілегімді арнағым келеді. Осымен бірге Абдолла туралы бір жақсы нәрсеге қол жеткізсек, соның бел ортасында Қалидың жүргенін айта кетуім дұрыс болар. Бір ауыз жылы сөзі болса да, қолынан келер шапағаты болса да аянып қалған емес. Таңсұлу екеуі қашан да «Сәкелеп» тұрады. «Маңғыстау» көшесінде бірге жүрген күндер арамызда жақындық, сыйластық деген ұғымдарды қалыптастырып еді. Сол бір жақындық, сол бір сыйластық әлі күнге әрін кетірмей арамызды жалғастырып келеді. Үлкен мақсаттың, биік адамгершіліктің иесі болған олар қашан да көңілдерінен Абдолланы және оның отбасын сызып тастаған емес. Қашан да құшақ жайып, құрақ ұшып тұрғандары. Көз көрген деген осы шығар. Ауыздарынан студенттік жылдарда, көшпенді кезеңде бірге жеген ащы-тұщының дәмі кетпеген, қарапайымдылықтың үлгісіндей болған Қали мен Таңсұлуға деген ризашылығым басым. Қашан да халқының қамын жеп, қайраттары тасып, қажымай-шаршамай жүре берсін! Басы аман, бауыры түгел болып, балаларының, немерелерінің қызық-қуаныштарына бөлене берсін деймін.

Самат аға

Студент кезінде қашан да айналасын қыз-жігіттер қоршаған Самат ағамыз нағыз ақын болды. Аузынан түйдек-түйдек өлең жолдары ағып тұратын ағамыз өзінің бүкіл болмысымен Арқаның сары даласын көз алдыңа әкелетін. Самат ағаны көргенде Сарыарқаның сары самалы ескендей, Есілдің майда толқыны жағаны ұрғандай болып әсем бір күй кешетінім анық еді. Арқаланып өлең оқитын сәттері көз алдымда қалыпты. Бір қолымен мұртын ширатып, екінші қолын өрлі-төмен сермеп, өлең оқитын ағаға қарап: «Апыр-ай, өлең қай жерінен шығады екен?» – деп таң қалатынмын. Біздің үйге келіп, қона жатып сурет салатын альбомдағы қыз-жігіттердің суреттерінің астына өлең жазып тастайтын. Осылай шашы толқындап, қолын сермеп, көкірегін айқара ашып тастап жүретін ақынжанды ағамыз оқуын біткен соң әсем Алматыдан өз еліне – Арқаға салт күйінде аттанған еді. Араға жылдар салғанда басын құрапты деп естідік. Қайтадан кездесудің сәті түспеген.

Самат ағамызды осыдан төрт-бес жыл бұрын Астанадағы Шарханның баласының үйлену тойында кездестірдім. Абдолладан айрылып, жанарымнан жас, жүзімнен мұң кетпей, көңілім пәс тартып жүрген кезім еді. Алғашында танымай қалды. Сосын Бөкең барып айтқан соң келіп, көңіл айтты. Тіршілік тауқыметі шаршатты ма екен, әлде көңіл күйі болмады ма, әйтеуір мен баяғы Самат ағамызды көре алмадым. Қызбалана сөйлегенде екпінімен құз құлатардай болатын ағамыздың мысы басылып қалған сияқты. Баяғы айдарынан жел ескен күндерден бір белгі де жоқ. Арындаған ақын ағаның орнын шаруасын күйттеген ауылдың қарабарқын адамы басқан сияқты. Екі иығы да еңкіш тартқандай. Шыны керек, мен баяғы Самат ақынды мына Сәкеңе қимай, іштей қиналып-ақ тұрдым...

Қасында жеңгеміз бар екен. Жеңгейдің бар назары да, бар ықыласы да Мақпал мен Баршағұлде болды. Менімен алғаш рет жүздесіп, дастарханда болып отыр. Атам қазақ «танымас, танымасын сыйламас» деп бекер айтпаған-ау, әсте...

Оны да қойшы, менің жүрегіме қатты әсер еткені – Самат ағаның соншалықты пәс отырғаны болды. Ақын адам ғой. Шығармашылық деген де бап тілейді. Әдемі өлең жазу үшін ғана емес, былайғы отырыстарда желпініп, жалындап сөйлеп, ой айтуға да арқаландыратын жағдай қажет. Самат аға ондайдан қағыс көрді, теперішін тартты. Оқуын бітіре салып ауданға кеткен, одан ауылында парторг болған. Бүгінгі ауылдың жайы белгілі емес пе.

Қайран, Самат аға!.. Алла берген ақындық өнеріңіз ашылмай қалды-ау Сіздің. Біз білетін, ел білетін, ақын аға, алысқа баратын секілді едініз.

Қайтерсің енді, міне, өмір деген осы...

Шархан

Әрі жерлес, әрі інілік ізеті жағынан көп араласқан тағы бір досымыз Шархан болатын. Екі құлағы қалқиып күн ара «Қазахфильмдегі» пәтерімізге келетін еді. Әңгіме айтқанда өзінің де, біздің де езуіміз жиылмайтын. Ішегі қатып, сол оқиғаның тура ортасында өзі болғандай етіп, майын тамыза айтатын. Бауыржанды жақсы көретін. Келсе бітті қолына көтеріп алып, «Сенің мына әкең...» деп әңгімесін бастайтын еді. Түк түсінбесе де, бетіне қарап ыржалаңдап тұрған ағасына ол да күлетін. Ондай кезде Шархан: «Қарандар, қарандар, мына бала да бәрін түсініп жатыр», – деп жас балаша мәз болатын.

Айдынды Арал тартылып, туған-туыстары осы жаққа қоныс аударды. Қапшағайға орныққан кездерде біз де оларға қонаққа жиі-жиі барып тұрдық. Кейін Сара есімді Жетісудың аруымен бас қосып, үйлі-баранды болды. Жұмыс бабымен Балқаш ауданының орталығы Бақаназа тұрды. Сол кездерде де Абдолла ылғи іздеп барып тұратын. Араларындағы ағалық ықылас пен інілік ізеттеріне ешқашан да кірбің түспеді. Осы сыйластық, осы ниет біздің балаларымызға да жұғысты болды. Қазір балаларымыз Бауыржан мен Еркебұлан, Нұрлан мен Заңғар бір-бірлерін таниды, көңілдері жақын.

Абдолла өмірден өткен соң да Шархан мен Сараның ілтипаты мен жақсылықтарын көріп келемін. Өзгермеген, сол баяғы қалыптарында. Мәселен, Еркебұланым үйленетін болып, Астанаға құдалыққа барған сәттерде Шархан көп көмегін көрсетті. 13 адамнан құралған топ көрмеген елге, баспаған жерге көз жұмдық та шығып кеттік. «Қайда барып тоқтаймыз?» деген ой да болмады. Көңілімнің түкпірінде Шархан мен Сара тұрды. Әйтеуір далада қалмасымыз анық еді. Міне, осы сапарда үш күн бойы Шарханның «Ақбұлақ» шағын ауданындағы үш бөлмелі ақ ордасы біздің штаб-пәтерімізге айналды. Сол уақытта Шархан Алматыдағы демалыс үйінде болды да, бар жағдайымызды Сара құрбым жасады. Шархан да жоқ екенін білдіртпей, күн сайын телефон арқылы хабарласып тұрды. Иіліп төсек, жайылып жастық болған, барын аузымызға тосып, қабағын шытпай сыйлаған Сараға Алланың нұры жаусын, бізге істеген жақсылығы балаларының алдынан шықсын дегім келеді. Осылай «Жау жерінде бір үйің болсын» деген бабалар сөзінің растығына көз жеткізген біздер өзімізді үйімізде жүргендей еркін сезіндік. Ұзатып алып шыққан Мәдинамызды Сара өзінің сән-салтанатымен қарсы алып, күтіп, Алматыға шығарып салды.

Ретіне қарай Шархан мені құдалығынан да, той-томалағынан да қалдырған емес. Туыстай болып сыйласып жүреміз. Тәңірім осы ынтымағымыздан айырмасын.

Шарханның жүзінен егделікке бет бұрғандығы байқалатындығы болмаса өзі сол баяғы күйінде. Елгезек, ақжарқын, қағылез қалпын жоғалтқан жоқ. Екі езуі де әлі де жиыла қоймаған. Кездескен қуанышқа да, ауырлыққа да бір қалыппен сабырлы, салқынқанды қарайды. Қолынан келері болса ағайынынан, жолдастарынан аянып қалатын емес. Қашан да шапқылап жүргені.

Шапқылай бер, Шәке!

Он алты жігіт

(Соңы, басы 9-бетте)

Дүрәлі

Сұлу жүзі қыртысталмаған, қияқ мұртын қырау шалмаған Дүрәлі досымыз әлі сол жымиған сұлу қалпында жүріп жатыр. Жастық шақтың талай күндерін, отбасылық өмірдің талай жылдарын қатар жүріп өткіздік. Балаларымыз қарайлас өсті. Біздің үйде Бауыржан, Еркебұлан, Шерхан сынды ұлдар, ол үйде Назерке, Балауса, Іңкәр есімді қызғалдақ-қыздар өсіп жатты. Әсия маркұм қалжыңбас, ардың-гүрдің еді. Ылғи да әзілдесіп, «Құда болайық», – деп жүретін. Бірақ біз құдандалы болмадық. Сол баяғы дос-жаран күйімізше қалдық. Бір-бірімен әзілдің майын тамызатын Абдолла мен Әсия болса бүгінде ол дүниелік болған. Жалған өмірдің жалғандығынан безіп, шынайы өмірге бет бұрды. Ол дүниедегі адамдар бір-бірімен кездеседі дейді ғой, рас болса. Ендеше Абдолла, Бөкең, Әмір, Қалдыбай аға, Мылтықбай, Әсия бәрі бастарын қосып, біз туралы әңгіме айтатын шығар. Осы Дүрәлі жатақханаға Қалдыбай ағайдан кейін-ақ келген. Біздің қыздарды жағалап жүруші еді. Су жоқ күндерде су әкелейік деп қылқылдайтын. Бірақ біздің қыздар суырылып шығып, артынан ермеді. Әлде жымия күлген сұлу жігітпен бірге жеті түнде су іздеуге қорықты ма екен? Кім білсін, әйтеуір тереземіздің түбінде тұрып-тұрып кетуші еді. Осылай қыздан жолы болмай жүрген кезінде Әсия сынды сылқым сұлу кезігіп, аяғына тұсау салды. Бірде бар, бірде жоқ отбасылық өмір басталды. Бәріміз әйгілі «Маңғыстау» көшесінде тұрып жаттық. Балаларымызды жаз болса қол арбаға салып, қыс болса шанамен сүйретіп бір-біріміздің үйімізден шықпаушы едік. Тапқанымыз болса бөліп жеген күндер өз ізін салмай қоймады. Осы күндердегі көніліміздің жақындығы сол бір күндерден қалған белгі-ау! Олардың отбасылық өмірлері, қол ұстасқан ғұмырлары қысқа болды. Өмірде оптимист болған Әсия аяқ астынан ауырып мынау жарық өмірді, сүйген жары Дүрәліні, балғын қыздарын тастап, келмеске кетті. «Жарты жолда атың өлмесін, жер ортаға келгенде қатының өлмесін», – деген бабалар сөзі Дүрәліге айтылғандай болды. Қыздар өсіп, енді-енді жетіле бастағанда Дүкең жалғыздықтың күйін шертті. Әсіресе қыз баланың жағдайын жасауға келгенде қатты қиындық тартты. Дегенмен барлық қайғыны да, ауыртпашылықты да жеңіп шығып, балаларын оқытты, жетілдірді. Қазір Назеркесін қиясына ұшырып, құтты орнына қондырған. Әсия маркұмның жастай кеткені болмаса, тірі тіршілігін жасайды деген ғой. Саёра деген құрбымыз қазір балаларға ана орнына ана болып, Дүкеңнің жағдайын жасап отыр. Дүкеңнің ендігі өміріне тек жақсылық пен қуаныш қана серік болсын, қазаны оттан түспей, ошағының оты маздап жана берсін деп тілейміз біз. Тумысынан момын, ақжарқын, кішіпейіл Дүкең талай жыл жатақханада, кейін пәтер жалдап Жайлаубай ағамен бірге тұрып келді. Ағаның назын да, сазын да көтерді. Туған бауырындай сыйлады. Тамағына дейін жасап, күтіп, бабын таба білді. Жатақханадағы ағаның айтқан мына бір сөзін ылғи да Абдолла бәрі еске алып, күліп отырушы еді. Қысты күні футболдан чемпионат болып жатқан көрінеді. Вестивюльде қойылған телевизор алдында барлық бала иін тіресіп отырып, күнде-күнде футболды тамашалайды екен. Сондай күндердің бірінде Жәкеңнің тамағы дайын болмай қалыпты. Дүкең сірә да футболға беріліп кеткен-ау, шамасы. Ашуланған Жәкең таяғын тақылдатып келіп: «Ей, Дүрәлі, осы кино күнде болып жатыр ғой. Бір күн көрмесең болмай ма?» – деп айқай салған көрінеді. Бүкіл бала қарқылдай күліп жатқанда Дүкең маңғаз қалпын сақтаған күйінде орнынан тұрып, Жәкеңнің артынан еріпті. Жәкеңді сыйлағаны ғой. Әйтпесе сонша адамның алдында айғайлаған Жәкеңе бір ауыз сөз айтар еді. Осыдан-ақ Дүкеңнің үлкен адамгершілігін, сыпайылығын, ағаға деген ізетін көруге болады.

Осы футбол туралы Жәкеңнің тағы бір күлдіргі сөзін айтып, ішек-сілелері қатқанша күлетін. Сол чемпионат болып жатқан күндердің бірінде Жәкең де қызықтап келіп қарамақ болған ғой. Тура осы сәтте екі адам ғана көрініп пенальти тепкелі тұрған көрінеді. Сөйтсе Жәкең: «Ой, футбол дегенді екі-ақ адам ойнайды екен ғой», – деп отырғандарды қыран-топан күлкіге көмген екен.

Кейін Маңғыстау көшесінде бірге тұрды. Біз қашан да Дүкеңнің төзімділігіне таң қалатынбыз. Жәкең секілді баладай пәк, әпенде секілді ағамен бірге тұрған күндері өмірінің естен кетпес бір шуақты шақтары болып есінде мәңгі сақталып қалған шығар. Кісі көңілін таба білетін, ешқашан ашулануды білмейтін Дүкеңнің жас болып жүргені де осыдан шығар, бәлкім...

Мылтықбай

Мықаңның бейнесі менің көз алдымда жап-жас қалпында қалып кетті. Ұзын бойлы, қараторы, әдеміше келген жігіт еді. Ауылшаруашылық жұмысында жүргенде Абдолламен ілесіп мені іздеп келген болатын. Содан да шығар, әйтеуір алдынан көлденең өтіп көрмедім. Шамамның келгенінше сыйлайтынмын. Талай сұлудың арманына айналған сол Мықаң қапыда Жұмақұлдей жанмен бас қосып, отбасылық өмірде бағы жанбады. Құлығы мен сұмдығы жоқ, таза, ақ көңіл еді. Абайсызда алданып «жезтырнақтың» қолына ілікті. Біз Нахаловкада тұрған кезімізде екеуі ылғи келіп үйге қонатын. Былай қарасаң, бірінің аузын бірі жалап отырған сияқты болады. Сәлден соң быт-шыттары шығып жатқаны. Жұмақұлді «жезтырнақ» дейтінім, ол ылғи да Мықаңның бет-аузын түк қоймай тырнап тастайтын. Сондай бір тамаша, адал адамның осындай жағдайын көріп ішіміз ашитын. Бір басын 40 қызға бағалайтындай-ақ жігіт еді. Жалғыз Жұмақұл қор қылды. «Жақсы қатын жаман еркектің басын төрге сүйрейді, ал жаман қатын жақсы еркектің басын көрге сүйрейді», – деп, ақыры ажырасып тынды. Мықаңды сыйлап Жұмақұлдің барлық ісіне шыдадық. Аңдамай жүріп от басқанын түсінген Мықаң бармағын тістейтін. Тістегенмен, амалы қайсы? Опық жеп өмірден өтті. Өңкей сұлу қыздардың арасында жүретін Мықаң жалғыз Жұмақұл сынды жаманмен жағаласып жүріп жастық жылдарын, отбасылық өмірінің біршама кезеңін өткізді. Өкінішпен өткен өмірі мен жүйкеге түскен салмақ ақыры ғұмырын да қысқартып кетті. Оқуын бітіріп Торғай жаққа кеткен Мықаңды қайта айналып көре алмадық. Әйтеуір амандығын әркімнен естіп, қуанып жүретінбіз. Кейін өмірден озыпты деп естігенде сол бір жылдар көлеңдеп көз алдымда тұрып алды. Көзіме еріксіз жас келді. Баладай сенгіш, аңқау да адал, момын Мықаңның, қыз біткеннің сүйіктісіне айналған қайран Мықаңның сұлу келбеті көз алдымнан кетпей қойды да, сол қалпында көңілімнің көкжиегінде тұрып қалды.

Бұл дүниеден көрмеген жақсылықтарын ол дүниеде алдыңнан кездесіп, орның пейіште болсын, қайран Мықа!

Сәбит

Сәбит сынды сыршыл да жүрегі нәзік жанмен талай жылдар бірге жүрдік. Балаларымыз да карайлас болды. Жуас, асықпай сөйлеп, баппен қозғалатын Сәбит бұл күнде де сол мінезінен айнымаған. Тау қозғалса да Сәбит қозғалмайды. Көңілге қарағыш. Өзі өз болып осы уақытқа дейін адам тұрмақ аңның баласына қатты сөйлемейтін ол басқа біреуден сәл қатты сөз естісе, жүрегі ауырып, мұңайып қалады. Мүмкін ол оның жанының тазалығынан шығар. Мүмкін оның шығармашылық адамы болғандығынан шығар. Мен Сәбиттің жанын түсінемін. Себебі оның мінезі менің мінезіме ұқсайды. Баланың да, басқаның да көңіліне қарап жүргені. Осы уақытқа дейін оның бір рет дауысын көтеріп сөйлегенін көрмеппін. Әзілқой, бірақ бостау болатын. Бағына қарай Әнипа пысық болып жолықты. Тек шығармашылық деп қана жүретін Сәкең қазір ірі кәсіпкерге айналды. Шаруасын шыркөбелек айналдырып алып кетті. Қазір біреудің алды болса, біреудің соңы болып дегендей тұрмысын жөндеді. Еті тірі. Тек өзінің ғана емес, ағайын-туысының да жағдайларына қарап, оларға болысып жүргені. Кешегі күні қуықтай-қуықтай бөлмеде дастарханды жерге жайып тамақ ішетін еді, құдайға мың қайтара шүкір, бүгінде зәулім үйде сән-салтанатымен өмір кешіп жатқан санаулы жігіттердің бірі. Бұл да болса өз еңбегінің жемісі ғой. Сәкеңнің қаламынан туған тамаша-тамаша еңбектерін оқыдым. Нағыз балалар жазушысы болатын. Бірақ Сәбит кейінгі кезде жалқауланып кетті ме, білмеймін, әйтеуір жазуды қойыңқырап қалды. Оның нәзік жаны жазу үшін жаратылған ғой. Ол жазу керек. Оның сыршыл да сыпайы мінезі әлі талай әңгіме, повестерді балаларға тарту етуге тиіс. Алдағы жылдардан біз осыны күтеміз.

Мейрамбек

Ұзын бойлы, басына бөрік киген мұртты жігітті көрген сайын Ақансеріні көргендей болатынмын. Әрине, мен Ақансерінің қандай адам екенін білмеймін. Бірақ спектакльден Досхан Жолжақсыновтың ойнағанын көргенмін. Тура Досхан ағамыз ойнаған Ақансері де ұзын бойлы, сұлу мұртты еді. Бірақ Мекеннің серілігін байқай алмадым. Қашан да мысқылдап сөйлеп, әңгіменің майын тамызатын Мейрамбектермен де талай жылдар көрші болып тұрдық. Света есімді жары біздің жақтың қызы еді. Бір-бірімізді жақын тартып жүретінбіз. Аузын ашса көмекейі көрінетін Мейрамбек әңгімеге құмар еді. Өзі айтып, өзі мәз болып күліп отыратын. Жаны жомарт, көңілі кең, биік парасат иесі болды. Қолынан келген нәрсесін ешкімнен аяп қалған емес. «Жаман күйеу қайынсақ» деп, қайын жұртына жиі сапар шегетін. Біз мұнысын керісінше жақсылығынан деп түсінетінбіз. Жақсы болған соң қайын жұрты жайылып жастық, иіліп төсек болып күтіп, абыройын асқақтатты. Ал осындай алақандарына салып аялаған қайын жұртына Мекеннің де ризашылығы өлшеусіз болатын. Сол себептен де Аспантаулар еліне жиі баратын. Бір табақтан ас ішкен күндеріміз көп еді. Қиыспас көрші болдық. Света екеуміз апалы-сіңлілердей сырлас болдық. Сол бір күндердің белгісіндей көңіл жақындығымыз әлі алшақтаған жоқ. Қай бір жылы, қыстың қақаған боранды түнінде, бізді ала кетемін деп Тасбұлаққа барғанын ешуақытта ұмытпаймын.

Абдолла екеуміз ауылда едік. Мекең іссапармен Кегенге барыпты. Соғым сойғанбыз. Ала кеткін дедік. Бір ауыз сөзімізді жерге тастамаған Мекең жеті түнде қарлы боранмен алысып жүріп ауылды әзер тауып келіп, бізді алып кетті. Осы ісі досқа деген адалдығын, сөзіне тұрақтылығын көрсетеді емес пе? Талай-талай жақсылықтарын көрдік. Иненің көзінен өткендей Мекең қашан да адамдықтан айнымай, кісілік қалпынан өзгерген емес. Табиғи қалпынан танбайтын, ұстамы мықты, болмыс-бітімі бөлек жаратылған жан ғой. Мейрамбекке алар асуларын әлі де көп болсын деген тілектемін.

Сәуле ӘБДІХАЛЫҚҚЫЗЫ

Бірінші курста Еңбекшіқазақ ауданына ауылшаруашылық жұмысына бардық. Жүзім шаруашылығымен айналысатын кеңшарда еңбек еттік. Өз басым жүзімнің сан түрі болатындығын, олардың қалай өсетінін алғаш рет көріп, таң қалғаным бар. Саусақтың ұзындығындай көгілдір, көлемі құлпынай секілді қою-жасыл, моншақтай мөлдіреп, тізілген күрең қызыл және қарақат сияқтанған ірі жидектер бұтақтарда қомақты түрде шоғырланып, ұйысып тұратыны ғажап.

ӨТКЕН КҮННІҢ ЕСІ БАР

Әрбір қатардың басында дәу контейнер тұрады. Ыдыс толы жемістерді сол жаққа тасып, өтеміз. Бірде мен, Несібелі, Қалдыгүл үшеуміз бір қатарға түстік. Ол екеуі менен үлкендігін бұлдап, толған себетті апарып әкелуге мені жұмсай береді. Себет ауыр-ақ. Сәл демалуға тура келді.

– Таси берсін! Бойы сорайған сырықтай ғой. Мықшыңдап, біз жүрсек қой, кәрі сүйегімізді саудыратып. Күштісін-ай, өзінің. Біз мына себеттерді толтырғанша ол сыпылдап келіп қалар. Жүрісі неміс секілді. Түрін айтсай, тура неміс. Қалдыгүлдің дауысына шиқылдаған күлкісі қосылып, құлағыма анық жетті.

– Неміс. Сенің әр кез тауып айтатыныңай. Мен оны біресе сығанға, біресе ұйғырға ұқсатып едім. Ап-арық, ұп-ұзын. Мұрны сорайған. Көзін көрдің бе, көк пе, жасыл ма, бірдеңе әйтеуір. Соны өзгелер байқамасын деп танауының ұшына күңгірт шынылы көзілдірікті іліп алып жүреді де қояды. Пә-ле.

– Ехе-ехе, ха-ха, ха-ха... Несібелінің сөзін қоштап Қалдыгүл біршама уақыт төңірегін күлкіге бөледі. Сірә, сөз сөйлерден бұрын көз алдына мені, бәлкім кинолардан көрген немістерін елестеткені анық.

– Сол жүргенде өзіне жігіт-желең үйір-ақ. Кеше көрдің бе, ол секендеп билеп жүрді. Бір жігіт келді де, жастығының астына бір тақта шоколад тастап кетті.

Осыны естігенде біртүрлі түсініксіз жайды бастан кешірдім. Бұрын жауынгерлерге арналған дәу әскери казарманың қыздар қоныстанған кең бөлмесінде кеше би кеші болғаны рас. Ұйықтар кезде шоколадты көріп, таңырқағаным есіме түсті.

– Біреу ұмытып кеткен ғой, – деп күліп едік.

Екі себет толы жүзімді орналастырып, айтып келсем екеуі әлі әңгімені соғып жатыр. Сыбдырымды білдірмей, жетіп барғанымды көргенде екеуінің көзі атыздай болды.

– Менің жүріс-тұрысымды, мінезімді тізбелеп айтып жатқан соң, қолдарың жүрмеген секілді ме, қалай?

– Сен, сен бәрін естідің бе? Неміс дегенім үшін кешірім өтінемін. Мына Қалдыгүл ғой, сол сөзді ойлап тапқан. – Әншейінде өте байсалды Несібелі басын оңды-солды бұрып, қалбалақтап, бір орында байыз таппады.

«Ойпырым-ым, бетінді әбден сипаттағанда, шаруаң қанша менде, өзіне қарап ал», – деп айта ма деп қорқып қалдым. Қалдыгүл шиқшиқ етіп өтірік күлген болды. Онысы өзіне сол кезде түк те жараспай тұрды. Екеуі көңілкүйімді, халімді қайта-қайта сұрап, сол күні әбден мазамды алды.

– Саған қиянат жасадық. Сен оны жайбарақат қабылдадың. Біз бұндай жағдайды күтпеген едік.

– Сен бізді қайран қалдырдың. – Осылай деп олар оқуды бітіріп кеткенше әркезде маған айтып жүрді.

Шіркін, қанша дегенмен біздің қыздарда ұят бар еді ғой.

ХАТТАН БАСТАЛҒАН МАХАББАТ

Үшінші курста Қалдыгүл Мұратова, Гүлмира Тойболдина үшеуміз қазақ радиосында оқу-өндірістік тәжірибеден өтіп жүргенбіз. Ол кезде редакцияға республиканың түкпір-түкпірінен хаттар көп келуші еді. Бірде Қалдыгүл екеуміз «Ұшқын» бағдарламасы бойынша жастарға арналған хабарды дайындап жатыр едік, бас редактор Кемелбек Шаматаев аға келіп:

– Қыздар, мына хаттар Петропавл – Камчаткадан келіпті. Қиыр шығыстан келген құнды мәлімет болса, хабарға пайдаланыңдар, – деп торсиған конвертті ұсынды. Ашып оқысақ, Тынық мұхитта әскери-азаматтық міндеттерін өтеп жүрген офицер жігіттер бөлек-бөлек қағаздарға толтырып тұрып бастан кешкен хикаяларын, қоңыр аюмен кездескендегі қорыққан жағдайларын, итбалық тұқымдас сүтқоректі жануар (нерпа) мен шағала құстың достығын, Тынық мұхитта М.Әуезов атындағы алып кемені көргендегі қуаныштарын, т.б. жайларды баяндап жазған екен. Хат соңында хабарласып тұруымызды сұрапты. Алматы мен Камчатка арасында алты сағат айырмашылық бар екенін, егер өздері жазған хат радиодан берілетін болса алдын ала хабарлауымызды өтініпті.

Әйтеуір түгел болмаса да, бір үзік сыр радиодан оқылатынын айтып, қысқа түрде біздер хат жазып жібердік. Осыдан кейін Қалдыгүл екеуміздің атымызға арнаулы хаттар легі ағылумен болды. Екі апта сайын бас поштада әскердегі жігіттер жазған хаттар толып тұрады.

– Ойбай, Жанат деген жігіт хатты орысша жазыпты. Төрт беттік хаттан төрт түйір сөзін түсінсем бұйырмасын. Мұнысы несі-ай? – Қалдыгүл хатты оқып, бұлқан-талқан болды.

Шын мәнісіне тоқталсақ, Қалдыгүлдің атына келген хаттың иесі өте сауатты, парасатты жан екендігін аңғартады. Өскемен қаласында туып-өскен, сол жерде жоғары оқу орнын бітірген жігіт Алматыны көргісі, Қалдыгүлмен кездескісі келетінін жасырмапты.

– Ой, қой, шырақ. Сезім айдынына тас лақтырма! Сен орысша, мен қазақша сайрап жүрсек-ау, сол. Менің саған жазатын орыссшам жоқ. – Қалдыгүл сөйтіп хат жазбайтын болды. Жанаттың талай хаттары осылайша жауапсыз, жыртылып қала берді.

Маған түскен хат шұрайлы тілмен, көркем сөз тіркестерімен ана тілімізде жазылыпты. Сөйлемдері сондай күрделі, өте шұрайлы, ойлы, мағыналы болып келеді. Өзін Семей топырағынанмын, арғынның тобықтысымын деп таныстырған жігіттің ұзын сонар хаттарының әрбір үшіншісінің біреуіне ғана әзер дегенде қысқаша жауап жазып үлгеретінмін.

Арада үш жыл уақыт өткенде сол жігітпен отау құратынымды сол кезде мен қайдан біліппін.

ЖЕҢІЛІС

Төртінші курсты бітірген соң, оқуөндірістік тәжірибені өткізуге Көкшетауға баратын болдық. Несібелі екеуміз неше түрлі қиялға беріліп, пойызға жайғастық. Біресе Бурабайға барып сексен көлге шомылатын боламыз. Енді бірде Оқжетпестің төбесіне шығып, ақшабұлтқа сыр айтуды армандадық. Жұмбақтасты, «Жеке батырды» суретке түсіріп қайтуды қиялдадық. Көңіл-күйіміз көтеріңкі. Өйткені, жаз бойы үкімет үйі алдындағы жаңа алаңда Алматыдағы бүкіл оқу орындарының студенттері түрлі жаттығулар жасап, біздің еліміздің Отанға миллиард пұт астық тапсыру жолындағы еңбек көріністерін бейнелеген едік. Компартияның бас хатшысы Л.И.Брежневті, Қазақстанның бірінші басшысы Д.А.Қонаевты жақыннан көрдік. Үлкен мерекелік шара біткен соң, солтүстік өңірге тартып кеткенбіз.

Пойыз ішінде небір ұлт өкілдерінің егін ору, жинау науқанына бара жатқанын білдік. Жамбыл, Шымкенттің жігіттері қапқап пияз, картоп тиеп алыпты.

– Ол жақта жұмыс істейміз. Барған кезде мыналарды сатып, ақша құрап аламыз, – десті олар.

Көкшетауға келген соң бізге облыстық телерадио кешенін тауып алу мұң болды. Қанша дегенмен бейтаныс жер. Қыркүйек айы басталса да суық жел өңменді деп соғып тұр екен. Осы өңірдің тұрғыны, курстасымыз Кәрібай Мұсырманов төбе көрсетпеді. Содан Несібелі екеуміз бүкіл заттарымызды жүк сақтайтын автоматты камераға тапсырып, такси тоқтатып, облыстық радионың мекемесіне келдік. Бізге жатақханадан бір бөлме берілді. Соны барып көрдік. Осыдан соң вокзалға келіп, құпия санды терсек, жүк салған қобдишаларымыз ашылмады. Теміржолдың кезекші милициясына барып, жағдайды мәлімдедік.

– Ой, сұмдық-ай, екеуміздің де сөмкелеріміз ұшты-күйлі жоқ. Орындары бос тұр. Ешкім ештеңе көрмеген, білмеген болып шықты. Жан-жағымыз тым-тырыс.

Осыдан кейін біріміз – Оралға, біріміз – Қызылордаға, әке-шешемізден ақша сұратып, жедел хабарлама жібердік. Әйтеуір, байланыс жүйелері жақсы жолға қойылған болар ма, кешке қарай қаражат қолға тиді де, дүкендерге жүгірдік. Жаңбыр жауса қолшатыр, тоңып кетсек жылы киім, бір ай бойы аса қажетті ұсақ-түйектерді сатып алумен жүрдік. Алматыға қарағанда тауар бағалары да өте қымбат екен. Облыстық телерадио кешенінің еңбек ұжымы бізді жақсы қарсы алды. Бірнеше аудандарға іссапарға шықтық. Көптеген жерлерді аралап, механизатор-комбайншылармен жолығып, қызу еңбектің ортасынан жалынды репортаждар жүргіздік. Қолымыз қалт еткенде тым болмаса студенттік билеттер мен сынақ кітапшаларымыз табылар ма екен деп милиция органдарына барып тұрдық. Киім кешектер мен ақшадан бірден күдер үзіп үлгергеніміз анық.

Әупірімдеп жүріп жұмыс орны жазып берген жақсы мінездемелермен оқуға келдік. Алайда факультет деканы Т.Қожакеев біздің Көкшетауда тоналып қалғанымызды естігенде түсін бірден суытты.

– Сынақ кітапшаны кім сөмкеге салады. Студенттік билетті есі бар адам жүректің тұсына салып сақтап жүруге тиіс. Құжаттарды жоғалтқанша, бастарынды неге жоғалтпайсыңдар? Сендерге жатақхана берілмейді, – деді де бізді бөлмеден қуып шықты.

Сөйтіп, суыққа ұрынып, Көкшетаудың көшелерінде тентіреп жүргеніміз аздай, енді оқу бітіретін жылы Алматыдан жалдайтын пәтер іздеп, бет-бетімізбен кеттік.

Салтанат ҚАЖЫКЕН

КУРСТЫҢ КҮЛКІЛІ ӘҢГІМЕЛЕРІ

«ОН – ДЖЕЗКАЗГАНЕЦ...»

Жәкең Алатау поселкесінің Маңғыстау көшесінен Федор деген орыстың үйін тауып, соның төрт құбыласындағы қуыс қуысына достарын бірге тұруға үгіттейді. Алдымен Жұмабек пен Әлиманы жайғастырып, енді Қали мен Таңсұлуды шақырады. Кездесуге Таңсұлу келген сәтте Жайлаубай оны Федорға таныстыра бастайды. Алдымен қай облыстан екенін айтып:

– Он – джезказганец, – дейді.

Федор күліп, басын изейді. «Бұны дұрыс айттым ау», енді Таңсұлудың аяғы ауыр екенін жеткізейін деген оймен:

– Он – двухэтажный! – деп қойып қалады.

Федор «түсіндім» дегендей күліп, басын изейді. Осындай орысшасымен ақ Жайлаубай ойындағысын жеткізіп, достарын түгел орналастырып, «Маңғыстау мәрі» деген атақ алған еді.

«КҮН КӨСЕМ БЕЙНЕСІ ЕМЕС ПЕ?»

Бәрі Таңсұлу мен Қалидың үйленгендерінің бір жылдығын тойлап, солардың үйінде отырады. Тост кезегі Жәкеңе тиеді. Жәкең сыйлық әкелмегеніне ыңғайсызданып:

– Әй, Дүрәлі, сыйлық қайда? – деп, кінәні бірге тұратын досына қарай аударыңқырап, айыбын жуып шаяды.

Осы сәтте Дүрәлі орнынан лып етіп көтеріліп, терезенің алдында ежелден шаң басып тұрған Лениннің мүсінін қолына алып, «ля ля-ля» деп билеп кеп, оның алдына қоя салады. Дүрәлі сыйлық әкелген екен ғой деп түсінген Жәкең, затқа көзінің қиығын бір тастап, арнау өлеңін шабыттана оқып, сөзін де көтеріңкі көңіл күймен аяқтап:

– Осы Күн көсем сияқты оқу мен еңбекте қашан да алда болыңдар, – деп, «сыйлықты» Қали мен Таңсұлуға тапсырады. «Осы бірнәрсені бүлдіреді ау» деп іштен тынып отырғандар ду күледі. Сасып қалған Жәкең:

– Не, Күн көсем бейнесі емес пе? – деп, мүсінге аңтарыла қарайды.

«ТҮН. БІЗ СҰЛУШАШ ЕКЕУМІЗ ГҮЛ ТЕРУГЕ ШЫҚТЫҚ...»

Жәкеңнің жалғыз прозалық шығармасы бар. Оның алғашқы жолдары «Түн. Біз Сұлушаш екеуміз гүл теруге шықтық...» деп басталады.

ТЕЛЕФОН БУДКАСЫНА СЫЙМАЙ ҚАЛҒАН ЕКЕУ

Қали мен Жайлаубай жұмыссыз жүреді. Екеуінің бар бітіретіні күн ара ойға түсіп, газет журнал редакцияларына звондап: «Жұмыс бар ма?» деп сұрайды. Әрине: «Әзірге болмай тұр» деген жауап алады. Сол сөзді қанағат тұтқан екі дос елден келген соғымды жеп жата береді. Жан тыныш. Басында телефон будкасына емін еркін кіріп жүрген екеуі, кейіннен соғымның етіне семіргендері сондай, кезек кезек будкаға кептеліп қала берген көрінеді.

«ҚАРАУЫЛ»

Қазіргі танымал журналист Қали Сәрсенбай «Лениншіл жас» газетінде корректор болып жұмыс істеп жүреді. Әдетте беттер кешке қарай дайын болады. Соған орай Қали күнде қас қарая жұмысқа бара жатады. Соны байқаған Маңғыстау көшесінде тұратын бір қария Қалиды тоқтатып:

– Қарағым, осы сен қарауыл болып жұмыс істейсің бе? – деп сұрапты.

«НЕГРОИД!»

Емтихан тапсырып жатырмыз. Оқытушы Дандай Ысқақов. Тапсырушы – біздер. Арамыздан суырылып шыққан Жайлаубай билет сұрақтарына ойланып отырмастан Дандай ағайдың алдына тіке тартты. Бірінші сұрақ: Жәкеңнен жарытымды жауап жоқ. Екінші сұрақ: тағы сол жағдай. Енді Жайлаубай емес, ағайымыз қиналды. Жәкеңді ең болмаса «үш» қойып өткізіп жібергісі келеді. Бірақ, Жайлаубайдың мына жауаптары «үштің» жайлауынан тым алыс жатыр. Қосымша сұрақ: Жәкең үмітті ақтар емес. Сосын Дандай ағай тактикаға көшті. Негізгі тақырыптың бәрін тастап, ең оңай сұрақ бере салды:

– Жайлаубай, осы жер бетінде адамдар қандай нәсілдерге бөлінеді, сол үшеуін айтшы? – деді.

«Мынаның сұрап отырған нәсілі не?» дегендей Жайлаубай бұрылып артына қарады. Артта қалың ел отырмыз. Көпе-көрнеу Жәкеңді жау қолына тастап, жындымыз ба, «Европеид, монғолоид және негроид нәсілдері» деп аузына сөз салдық. Жәкеңнің тез қимылдайтыны сияқты өте тез еститін қасиеті бар. Қағып алды. Қайталап берді. Біздің сыбырымызды ағайымыз да естіді. Сондықтан бұл жауапты тереңдетіп Жәкеңнің білімін таза «үштен» енді «төртке» қарай тартудың қамына кірісті.

– Ал Жайлаубай, айтшы, мына отырған Дәуітәлі қай нәсілге жатады? – деп сұрады.

Жәкең аудиторияда өзінен екі қатар қалыңқы отырған Дәуітәлі Медеевке бүкіл денесімен бұрылып қарады. Бұрын оны көрмегендей қоңыр өңіне көз салып, бетінен беліне дейін түгендеп алды. Сосын алдыға бұрылып, енді «төрт» емес «бестен» үмітті студенттің даусымен:

– Негроид! – деп саңқ етті. Оқытушы ішегін басып, орындыққа жалп етті. Әйтеуір Жәкең емтиханнан құламады, ал біз күлкіден құладық. Дандай ағайдың қандай баға қойғаны есте жоқ...

«МЫНАУ ТУРА КЕШЕ КӨРГЕН КИНОҢ ҒОЙ...»

Екі жақтан қанаттасып келген қос дәліздің сол бетіндегі бөлмелердің бірінің есігі ашылып, іштен Жайлаубай шықты. Қолында қасық. Қасық болғанда анау-мынау баланың басынан үлкен қасық. Шамасы емес, анығы: арғы беттегі кухняда буы бұрқырап жатқан кастрольді бір сапырып қоюға шыққан. Екі қанаттағы дәліздердің түйіскен тұсы – үлкен холл. Бір жағы – сырты бетон, өрнекті терезе. Екінші жағы – жоғары шығып, төмен түсетін баспалдақтар. Холдағы терезеден беріректе – түрлі-түсті телевизор. Негізі жігіттер, арасында біренсаран қызы бар, топты студент телевизордың алдында шыбындай үймелеп отырғанбыз. Хоккейден әлем чемпионаты басталғалы бірер күн болған. Бір ойыннан келесісі қызық. СССР құрама командасы Канаданың, Швецияның, АҚШ-тың, Чехословакияның, Финляндияның хоккейшілермен кезек-кезек сайысқа түсіп жатыр. Ол күндері амандасқан соң ауызға Третьяк, Фетисов, Касатонов, Харламов, Михайлов, Петров, Балдерис, Тихонов аттары түседі. Топты студенттің ең алдында біздің Дүрәлі отырады. Енді ше? Спорт тақырыбына жазып жүрген талапты студент. Өзін анау-мынау емес, Несіп Жүнісбаев баулып жатыр.

СССР құрамасының ойыншылары кезекті шабуылға шығып, елдің бәрі демін ішке тартқан кезде Жайлаубай желе-жортып холдағы топты артынан айналып өтіп бара жатты. Қалт тоқтап, телевизорда не болып жатқанына көз салды. Сосын дауысын телевизордағы комментатор Николай Озеровтің даусынан да зор етіп:

– Дүрәлі, мынау тура кеше көрген киноң ғой. Одан да бар, бөлменің еденін жуып таста, – деп бұйырды.

Елдің бәрі қыран-топан күлкі. Телевизор жайына қалды. Озеровтың не айтып, хоккейшілердің не істеп жатқанын біліп болмайды. Алдымен ес жиған орыс тобындағы пысықай қазақ қызы жанындағы Дүрәліге ара түсуге тырысқан. Жайлаубайға қарап:

– Ағай, қызықсыз ғой. Бұл кино емес, хоккей. Шайбалы хоккей, – деді.

Жұрттың сонша күлгеніне таң қалған Жәкең болса:

– Әй, Дүрәлі, мына шаригің анау вермишельге жетпейді. Ендігісін өзің біл, – деп кухняға қарай сапарын жалғастырған.

Аздан соң едені тап-таза жуылған екі кісілік ұядай бөлмеде буы бұрқыраған вермишель желініп жатты. Сол күнгі хоккей қандай есеппен аяқталғаны есте жоқ...

«ТОҚТА, ЖАППАСҰЛЫ...»

Сұлтанғали Садырбаевтың сабағы. Қазақ ауыз әдебиеті пәні. Жақсы сабақ. Жайлы ұстаз. Беріліп сөйлейді. «...сосын Қодар қырық құлаш құдық қазады. Оны шығарып алмаққа Баян Сұлу қырық құлаш бұрымын тастайды. Содан ұстаған Қодар тырбанып тура құдықтың ернеуіне тақағанда Баян Сұлу шорт еткізіп қайшымен бұрымын кесіп жіберсін. Қодар шыңырау құдыққа құлап түседі...» Осылай дейді де Сұлтекең алдындағы үстелдің бетіне тесіле қарайды. Тура қырық құлаш құдық ішіне үңіліп тұрғандай.

Немесе «...содан Қожанасыр асханадағы тамақтың иісіне еліпіп бойы жылынып ұйықтап қалыпты. Бір кезде асхана иесі бүйірден бір тепкенде көзін ашады.

– Әй, Қожанасыр, манадан бері менің тамағымның иісін иіскедің, енді ақшасын төле, – дейді үстіне төніп келген бай. Жалма-жан қарманған Қожекең қырық жамау шекпеннің қалтасын қуалап жүріп бір бақыр тауып алады. Сосын оны сыңғыр еткізіп еденге тастап жібереді...» Сұлтекеңнің көзі едендегі тиынды қуалап бара жатқандай тақта алдынан есікке дейінгі жерге жүгіріп өтеді. «Ал, байеке, мен сіздің тамағыңыздың иісін иіскесем, сіз менің ақшамның сыңғырын естідіңіз. Хош-сау болыңыз». Осыны айтып Сұлтекең аудиториядан шығып кетеді. Тура Қожанасырдың өзі.

Сол Садырбаев бір апта бұрын берген тапсырмасын сұрап отыр. Тапсырма: ауыз әдебиеті үлгісін жаттап келу. Біреу сол Қожанасырды, біреу Жиренше шешенді, біреу Бұқар жырауды айтып құтылып жатыр. Кезек Еркін Жаппасұлына келді. Ол сабаз аспай-саспай орнынан тұрды. Жақсылап тамағын кенеді.

«Баяғыда бір үйде бір топ адам әңгіме айтып отырса, орталарына киімі де, түрі де нашар біреу келіп қосылыпты».

– Иә? – деп тамсанады Садырбаев. «Бұл қайсы шешен болды?» деп біз де тыңдап отырмыз.

– «Әлгі адам келгенде үй толы кісі ақындарды жамандап отыр екен, – деп жалғастырды Жаппасұлы. – Алай жамандайды, былай жамандайды. Сонда әлгі келген қонақ шыдамай өлеңдетіп жіберіпті».

– Апыр-ай, не депті? – деп сабырсыздана құлағын түреді Садырбаев. Өзі бұрын естімеген ауыз әдебиеті үлгісін тыңдаймын ба деген дәмесі бар.

«Әлгі қонақ, домбырасын шертіп тұрып:

Арманның атын мініп сыландатып,
Қиялға ақын жаны тұрар батып.
Біздерді шарапқұмар дейтіндер бар,
Өздері сол арақтан құлап жатып.

Бастайды алыстарға жол бөгелмей,
Шақырып құшағыма кел дегендей.
Біздерді әйелқұмар дейтіндер бар,
Өздері қызды сүйіп көрмегендей, – депті».

– Тоқта, Жаппасұлы, – дейлі өңі сұрланып кеткен Садырбаев. Мынауың баяғы жыраудың мұрасы емес, қазіргі Тұманбайдың өлеңі емес пе?!

Аудиторияда қыран-топан күлкі. Еркін ағамның қандай баға алғаны есте жоқ...

«Я ВАМ НЕ НЕМЕЦ»

Үкіметтің аппаратында бір кездері жұмыстан кешіккендерді таңертеңгісін кадр бөлімінің инспектор қызы тексеріп, қағазға түртіп алып отырады екен. Үш-төрт рет жұмысқа кешігіп келген Шарханға әлгі қыз бір күні: «Вы почему постоянно на работу опаздываете?» – деген ғой. Сонда Шархан айтыпты: «Я вам не немец, чтобы во время приходить».

«У ЖЕНЩИН ВСЕГДА ПОЛУЧАЕТСЯ»

Шархан баласы үйленіп, шақыру билетіне тапсырыс береді. Тапсырысты тезірек бітіруін сұраған Шарханға қабылдаушы орыс қызы «посмотрим, получится, не получится» дегенде, Шархан айтыпты: «Это у мужчин иногда не получается, а у женщин всегда получается».

«Құс қайтып оралды Алматыға» кітабынан

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – **Дәрмен СМАЙЫЛ**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**
Редакторлар – **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Еңлік АҚЖІГІТ, Жанат ҚАСЫМБЕКОВА**
Беттеуші – **Талғат АХМЕТҚАЗЫ**
Фототілші – **Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10332

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.